



БҮГІНГІ САНДА



### SPORT ALANYNDA SALA QYZMETKERLERI

2 >>



### «BESARYQ» AṬTY AÝYL BAR

3 >>



### SÓREDE – ULTTYQ BUIYMDAR

8 >>

## ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЖОБА

Кеше Жаңақорған ауданында қорғасын-мырыш тау-кен байыту комбинатының іргетасы қаланды. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясының басқарма төрағасы Қанат Құдайбергелі және бас мердігер – «Engineering Dobersek GmbH» компаниясының бас директоры Альбин Доберсек қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Аймақ басшысы көпшілікті комбинат құрылысының басталуымен құттықтады. Бүгін – «Шалқия» кен орнында көптен күткен қуанышты сәт. Елбасының тікелей бастамасымен қолға алынған отырған ауқымды жобаны «Engineering Dobersek GmbH» компаниясы жүзеге асырса, құрылыс жұмысына жергілікті азаматтар қатысады. Өндіріс объектісі іске қосылған кезде комбинатта 1500 жұмыс орны ашылады, – деді облыс әкімі.

«Шалқия» – мырыш өндіру жөнінен дүние жүзіндегі алдығы қатарлы бес кеніштің қатарында. Кен орнының баланстық қоры – 112,9 млн, мырыш қоры – 4,83 млн, қорғасын қоры – 1,49 млн тонна. Ал мердігер ретінде таңдалған неміс компаниясының тау-кен, металлургия, энергетика, химия салаларында объектілерді жобалау және салу бойынша көп жылдық тәжірибесі бар.

Комбинат іске қосылған соң жоғары сапалы мырыш және қорғасын концентраттарын шығарып, ел әлеуетін еселей түспек. Жоба құны – 235 млрд теңге. Күні бүгінге дейін 35 млрд теңге игерілді. Кен орнының дәлелденген қорын 2051 жылға дейін өндіру жоспарланып отыр.

Сыр жұртшылығының қуанышына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары А. Айдарбаев ортақтасып, лебізін жеткізді.

Бұл – Қызылорда облысы ғана емес, еліміз үшін де елеулі әрі маңызды жоба. Кен орнының құрылысына байланысты барлық қаржылық мәселе шешілген. Жобаның жүзеге асуы мемлекет экономикасының артуына орасан үлес қосуы тиіс, – деді ол.

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ бас директоры Аскар Жәукеңовтің айтуынша, өнімділігі 2 млн тонна болатын кешеннің I кезеңі – 2020 жылғы қазанда, қуаты 4 млн тоннаны құрайтын кешеннің II кезеңі 2021 жылғы қарашада аяқталады.

Бірегей техникалық және технологиялық шешімдер жоғары өнімділік пен энергиялық шығынның азаюын қамтамасыз етеді. Мысалы, кен

ұсатудың I кезеңі жер астында жүзеге асырылады. Шикізатты шахтадан жер бетіне көтеру үшін тиімділігі жоғары, биіктігі 200 метр болатын тік конвейер қолданылады.

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ жобаларды басқару жөніндегі басқарушы директоры Анатолий Лигайдың сөзіне қарағанда, автоматтандыру мен диспетчерлеудің жоғары деңгейі адам фактор әсерін төмендетіп, комбинаттың тұрақты жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Кен байытудың технологиялық сызбасын әзірлеуге және онтайландыруға «Mechanob», «Outotec», «Engineering Dobersek



GmbH, «ТОМС» секілді тәжірибелі шетелдік компаниялар қатысты. Біздің компания әлем нарығында

35 жылдан бері ауқымды жобаларды жүзеге асырып келеді. Алдағы уақытта Қазақстан үшін маңызды өндіріс орнының құрылысын жүргізетінімізге

қуаныштымыз және бұл бізге зор жауапкершілік жүктейді, – деді мердігер компанияның бас директоры Альбин Доберсек.

Салтанатты рәсімде мәртебелі меймандар кен байыту фабрикасы салынатын орныға комбинаттың 2068 жылғы қызметкерлеріне арналған «уақыт капсуласын» салып, белгі қойды. Сонымен қатар, «ШалқияЦинк ЛТД» компаниясының бір топ үздік қызметкеріне «Еңбек үздігі» медалі және алғыс хаттарын табыс етті. Облыс әкімдігі, «Шалқия Цинк» ЛТД» АҚ мен «Engineering Dobersek GmbH» компаниясы үшжақты меморандум қабылдап, комбинат құрылысына байланысты өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге уағдаласты.

Қонақтар одан кейін Қызылорда қаласындағы «ҚазГерМұнай» БҚ» ЖШС-ның ахуалдық орталығында болды. Онда делегация «Ақылды кен орны» цифрлық технологиясын қолдануға енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты.

Жаңа технология мұнай өндірісі көлемін 1-2%-ке дейін, жөндеу аралығын 700 күнге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, операциялық шығындарды 10%-ке дейін төмендетіп, басқарушылық шешімдердің тиімділігін 20%-ке арттырады, – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервисі жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есказиев.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігі индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК бас директорының міндетін атқарушы, генерал-майор Диханбек Сатылғанов Сыр өңіріне іссапармен келді. Сапар барысында облыстық филиалдың жұмысымен жете танысып, кешенді тактикалық оқу-жаттығуға қатысты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

## ШЕБЕРЛІК ЖАТТЫҒУДА ШЫҢДАЛАДЫ

Құтқарушылардың даярлығын анықтау және жыл көлемінде атқарылуға жұмыстарды бағалау мақсатында осындай оқу-жаттығулар өткізіліп тұрады. Шара тәжірибені шыңдауға анық оқу-жаттығу барысында берілетін теориялық, тәжірибелік тапсырмалар сіздердің дайындықтыңыңды сараптайтын болады. Оған қоса Манғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарынан келген әріптестеріңізбен байланыс орнатып, біліктіліктеріңізді одан әрі арттыра аласыздар, – деді Диханбек Сатылғанов.

Кәсібилік пен тегеурінді техника сыналған шарада қатысушылар авариялық-құтқару операциясын көзбен көрді. Біз де материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген құрылымның кез келген қауіптің бетін қайтаруға

әзір екендігін байқалық. Желел қызметкерлердің техногендік сипаттағы апаттардың алдын алуға қолданатын озық әдістері, арнайы механикалық қондырғымен қысым астындағы құбырларды бұрғылап тесіп, гидравликалық жабдықтармен жұмыс істеуі таңғалтты. «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметі» облыстық филиал директоры Нұрбек Момыновтың айтуынша, мұндай қызмет түрі өзге аймақтарда да бар. Олардағы 2800-ден астам жоғары білікті кәсіби құтқарушы, 600 авария-құтқару техникасы тәулік бойы әзірлікте болады. Өткен жылы аталған кәсіпорынға 250-ден астам дабыл келіп түскен, 185 адам құтқарылып, апатты жою орындарында 319 адамға медициналық көмек көрсетілді.



## Baspasóz – 2019



Газетке жарты жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 4000 теңге Жекелер үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 8000 теңге Жекелер үшін – 6000 теңге

Egin – 2018

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ ЕРЕН НӘТИЖЕСІ

Күз мезгілі – ала жаздай атыз жағалаған диқандар еңбегінің таразыға түсер сәті. Мұны терең түсінетін шаруалар астықты алқапта толассыз еңбек етті, күннің жылт еткен шуағын тиімді пайдалану үшін тер төкті. Соңғы бес жылда басты дақыл күріш жинауда биіктен көрініп жүрген Сыр диқандары биылғы науқанды да табыспен түйіндеді. Күріштен жоғары өнім жинады. Биыл басты дақыл гектарына 54,5 центнерден айналды. Облыс диқандары осылайша қатарынан алтыншы жыл жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, ел байлығын еселеуге үлестерін қосты.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Аймақта ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Үстіміздегі жылы облыс бойынша барлығы 184,5 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған болатын. Оның ішінде дәнді дақылдар 95,3 мың, майлы дақылдар 10,3 мың, мал азықтық дақылдар 61,5 мың, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектар алқапта өсірілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі 87,3 мың гектарды құрады. Биыл шаруашылықтар негізінен жоғары репродукциялы тұқым сепкенін айта кету керек.

Міне, бүгін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары ұсынған өнім көлемі көрсеткіштеріне зер салып өтелік.

Етілген күздік бидайдан – 7483, жаздық бидайдан – 2695, арпадан 368, дәндік жүгеріден 3849, тарыдан 1766 тонна өнім алынды. Сондай-ақ, картоптан 75412, көкөністен 110 013, бақшадан 179 281 тонна өнім жиналды. Майлы дақылдар бойынша, атап айтқанда, мақсарыдан 8 317 тонна

және құнбағыстан 179 тонна өнім жиналған. Құнарлы мал азығын дайындау үшін ескі жоңышқа дақылды 2 рет орылып, барлығы 188 963 тонна, жаңа жоңышқадан 17 914 тонна, түйе жоңышқадан 60 тонна, барлығы 206,9 мың тонна шөп және 7 750 тонна сүрлем жиналды. Сонымен қатар, мал азығы үшін 485,7 мың тонна табиғи шөп және 37,0 мың тонна сабан дайындалды.

Ауыл шаруашылығы құрылымдары қазіргі таңда, 400 гектар күздік бидай (16,0%) егіп, алдағы жылдың егісі үшін 12 770 гектар (19,6%) сүдігер көтерді. Сондай-ақ, алдағы егісі науқаны үшін 18 600 тонна (87,4%) күріш тұқымы құйылды.

Жыл басынан бері облыс бойынша агроөнеркәсіп саласында 65,7 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Ағымдағы жылдың аптап ыстығы мен аңызак желінде тер төккен Сыр диқандары ауа райының қолайсыздығы мен су ташылығына қарамай орақ науқанын абыроймен аяқтады.



## ЖОЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТҮСІНДІРДІ

Аймағымызға жұмыс сапарымен келген Мәжіліс депутаты Наталья Жұмаділдаева «Достық үйінде» ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдаудың насихаттау мақсатында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы активімен кездесті.

Шынар БЕКБАН.



Мәжіліс депутаты Елбасы Жолдауындағы ерекшеліктерге тоқталды.

– Қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің жоғары болуы Елбасының ұдайы назарында. ҚХА жұмысының да басты бағыты осы басымдықты жан-жақты қолдауға бағытталады. Мәселен, 2019 жылдың 1

қантарынан бастап ең төменгі жалақы 1,5 есеге артады. Бұл экономиканың барлық меншік түрлерінде істейтін 1 млн 300 мың адамға бұл тікелей қатысты болатындығы айтылды. Бюджеттен еңбекақы алатын 275 мың қызметкердің табысы орта есеппен 35 процентке дейін ұлғаяды, – деді Н.Жұмаділдаева.

Наталья Жұмаділдаева кезекті Жолдаудағы білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы реформалар, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, сапалы әрі қолжетімді баспа-на, орта және шағын бизнесті мемлекеттің қолдауына тоқталып, бұл бастамалардың қоғамдағы маңызы жайлы тарқата айтып.

нын айтқан Ақылбек Арыстанов Жолдаудағы негізгі 6 басымдықты ерекше тоқталып өтті.

– Жолдау, ең алдымен, мемлекет дамуын бағдарлайды, алдағы міндеттерді саралауға, ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді, – деді.

Мұнан кейін сөз алған қалалық жұмыспен қамту бөлімі басшысының орынбасары Айгүл Қиясова Елбасының тапсырмасына сәйкес 2019 жылдың 1 қантарынан бастап ең төменгі жалақы 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсетінін айтып. Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмектер мен жастардың жұмыспен қамтылуы бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Жіні соңында жиналғандар өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

## ҰЛТ САУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ

Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы еліміздің алдағы басымдықтарын айқындап берді.

Бұрынғы Жолдауларында ол елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртуға күш салған болса, бұл жолғы құжат Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеп отыр. Жолдаудағы білім және денсаулық сақтау саласын жетілдіру, еңбекақыны көбейту, халық табысын арттыру, мемлекеттік қызмет көрсетулердің жақсаруы қазақстандықтардың өмір сапасының артуына кепіл болары сөзсіз.

Сонымен қатар Президент келесі жылдың қантары айынан бастап қазақстандықтардың жалақысы өсетінін айтты.

«Біріншіден, үкіметке 2019 жылдың 1 қантарынан бастап Қазақстандағы ең төменгі жалақы 1,5 есе – 28-ден 42 мың теңгеге дейін өсіріліп тапсырманы. Бұл әрбір қазақстандыққа нақты көмек болады. Бұл әртүрлі салада істейтін 1 миллион 300 мың адамның жалақысын көтереді. Сондай-ақ, бюджеттік ұйымдарда істейтін 275 мың қызметкердің айлығы көбейеді. Олардың жалақысы орташа есеппен 35 пайызға өседі», – деді Елбасы. Ал бұл шаралар халықтың тұрмысын әлдеқайда көтеретіні сөзсіз.

Сондай-ақ, Жолдауда 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажеттігі айтылды. Алғашқы

медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін 2019 жылдың 1 қантарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді, барлық емханалар мен ауруханаларға медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуді тапсырғаны елімізде денсаулық сақтау саласын қолдау жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқандығын көрсетті. Тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасау, кезектерді, бюрократияны жою, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы болса, ал халқымыздың бақуатты өмір



сүруі, еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – мемлекетіміздің мәңгілік мұраты.

Бауыржан ТӨЛЕГЕНҮЛЫ, Қызылорда қалалық ауруханасының бас дәрігері.

## БАСТЫ ҚҰЖАТ БАҒЫТЫ

«№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-де Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауындағы басым бағыттарды талқылаған жиын өтті. Оған «Сыр мейірімі» қоғамдық қорының төрайымы Сапура Әбдрахимова, Тасбөгет кенті қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Ақылбек Арыстанов, қалалық жұмыспен қамту бөлімі басшысының орынбасары Айгүл Қиясова, мекеме мамандары мен ардагерлер қатысты.

Сара АДАЙБАЕВА.

Жиында «Сыр мейірімі» қоғамдық қорының төрайымы Сапура Әбдрахимова былай Жолдауда әлеуметтік экономикалық дамуын маңызды басымдықтарын жаңғырту міндет етіп

қойылғанын айтып, ел дамуына тың серпін беретін бағыт-бағдарлар айқындалғанын жеткізді. Жаңа бағдарламалық құжат қарапайым тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған

### Кәсіби мереке

## СПОРТ АЛАҢЫНДА САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Қазан айының соңғы жексенбісі – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні. Кәсіби мерекеге орай, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстық кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында спартакиада өткізілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Сайысқа «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы», «Мүгедектерге арналған оңалту орталығы», «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы», «Қазалы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы», №2 «Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» қызметкерлері қатысып, командалар волейбол,

жеңіл атлетика, арқан тарту, шахмат, үстел теннисі секілді спорт түрлерінен сынға түсті.

Бүгінде облыс бойынша арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 5 ұйым бар. Мұнан бөлек, жуырда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Шиелі ауданында «Думан-Шиелі» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы ашылған. Орталықта қарттар



мен мүмкіндігі шектеулі балалар ем алып, демалысын өткізеді. Дертті жандарға дәрү іздеп, тіпті жылы сөз, мейірімді көзқарасымен де қамқоршы болатын әлеуметтік қорғау жүйесі

қызметкерлерінің жұмысы құралай көп екені айтпаса да белгілі.

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте, 1 орынды Қазалы ар-

наулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы, II орынды №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы, III орынды Мүгедектерге арналған оңалту орталығы иеленді.

## ҰЛТ ЖАУЫНГЕРІН ҰЛЫҚТАДЫ

Облыс орталығындағы «Достық үйінде» корей халқының батыры Хон Бом Доның туғанына 150 жыл толуына арналған тарихи-танымдық конференция болып өтті. Шараға Корея Республикасынан келген делегация жетекшісі Хон Сон Док, «Хон Бом До» ассоциациясының жетекшісі Хван Вон Сон, облыстық ҚХА жанындағы құрылмалар мен этномәдени бірлестіктердің, ҰЕҰ өкілдері қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Конференцияны ашқан облыстық ҚХА хатшысы Ләйла Төрешова батырдың өмірдегі мен сан ұлтқа сая болған Сыр елінің алмағайып уақыттағы тарихын сөз етті.

– Сыр өлкесі – сонау заманнан бері сан ұлттың басын қосқан киелі мекен. Жат-сынды білмейтін, өзгелерді өзіндей көріп, қиыншылық кезінде бауырына басқан сырбойлықтардың осындай адами қасиеттерінің арқасында сан ұлттың сәні жарасып, тату-тәтті өмір сүруде. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, елімізге 1937-1938 жылдары бірнеше ұлттың өкілдері жер аударылды. Саяси қуғынның алғашқы құрбандарының бірі Киыр Шығысты мекендеген корейлер болатын. Олардың арасында қоғам қайраткерлері, ағартушылар, басқа да көрнекті тұлғалар болды. Солардың бірі, азамат соғысының ардагері Хон Бом Доның туғанына биыл 150 жыл толып отыр, – деді.

Жиын барысында Корея Республикасынан келген делегация жетекшісі Хон Сон Док пен «Хон Бом До» ассоциациясының

жетекшісі Хван Вон Сон батырдың ерлігін, қарапайым отбасынан шыққандығын тілге тиек етіп, корей халқы үшін аңыз адам екендігін жеткізді. Ал Қорық Ата атындағы КМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Айтжан Оразбаков күштеп қоныс аудару кезіндегі өзіндей көріп, қиыншылық кезінде бауырына басқан сырбойлықтардың осындай адами қасиеттерінің арқасында сан ұлттың сәні жарасып, тату-тәтті өмір сүруде. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, елімізге 1937-1938 жылдары бірнеше ұлттың өкілдері жер аударылды. Саяси қуғынның алғашқы құрбандарының бірі Киыр Шығысты мекендеген корейлер болатын. Олардың арасында қоғам қайраткерлері, ағартушылар, басқа да көрнекті тұлғалар болды. Солардың бірі, азамат соғысының ардагері Хон Бом Доның туғанына биыл 150 жыл толып отыр, – деді.

Айта кетсек, жауынгер-интернационалист Хон Бом До 1892 жылы «Тон хактор» (феодалдарға қарсы соғыс) көтерілісінің белсенді жетекшісі болған, 1907 жылы «Ыйбен» (дұрыс жолдағы жауынгер) атты партизан отрядының басқарған. 1919 жылы өз отрядымен Солтүстік Шығыс Қытайға кетіп, ол жерде жапондардың Капсан және Хесан жазалаушы әскерлеріне шабуыл жасап, оларды Понодон ауданынан ығыстырып шығарды. 1921 жылы Ресейдің Киыр Шығысына өткен.

Шара соны корей халқының мәдениетін паш еткен мерекелік концертке ұласты.

### Brifing

Биыл жаңа форматта енгізілген атаулы әлеуметтік көмек өз кезегінде еңбекке жарамды азаматтардың жеке қосалық шаруашылығын, шағын кәсіпкерлігін дамытып, көптеген отбасының кіріс көзін арттыруға септігін тигізді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Алтын Есқараева осылай деді.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

## ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ТҮРІ ӨЗ ИГІЛІГІН БЕРУДЕ

Оның айтуынша, атаулы көмектің жаңа түрі «100 нақты кадам» Ұлт жоспарының 84 қадамын толық іске асыру аясында 2018 жылдың 1 қантарынан бастап енгізілген. Биыл бұл мақсатқа республикалық және жергілікті бюджеттен 2 млрд теңге қаражат бөлінді. Басқарма өкілі аз қамтылған азаматтарды барынша әлеуметтік көмекпен қамту мақсатында шаралар қабылданғанын атап өтті. Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту орталықтарында атаулы әлеуметтік көмекке құжат қабылдайтын 58 маман белгіленсе, 1 қантардан бастап қосымша 10 консультант, 54 ассистент штатты берілген. Сонымен қатар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінен 29 маман бөлінді. Орталықтарда күту залдары электронды кезек жабдықтары мен электронды дисплейлермен жабдықталды.

А.Есқараева үстіндегі жылдың 9 айында облыс бойынша 35444 адамға (6728 отбасы) 1529,6 млн теңгеге ата-

улы әлеуметтік көмек тағайындалып, 1313,8 млн теңгесі төленгенін мәлімдеді. Жалпы жаңа форматтағы атаулы көмек шартты және шартсыз болып екі түрге бөлінген. Шартсыз көмек еңбекке жарамды мүшелері жоқ барлық отбасыларға, мүгедектер немесе зейнеткерлер отбасыларына немесе еңбекке жарамды мүшелері дәлелді себептер бойынша жұмысқа араласа алмайтын отбасыларға, мысалға, мектепке дейінгі жастағы балалар бар жалғызбасты аналарға беріледі. Осындай отбасыларға жәрдемақыны алу үшін жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысу талап етілмейді. Сондай-ақ, шартты ақшалай көмек отбасында кем дегенде бір еңбекке жарамды мүшесі бар отбасылар үшін арналған. Онда жаңа әлеуметтік келісімшартқа қол қойып, содан кейін ғана отбасының еңбекке жарамды барлық мүшесі жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысқан кезде беріледі.

2018 жылдың 1 қазанына шартсыз

ақшалай көмек 6979 адамға (1700 отбасы) – 349,4 млн теңге, шартты ақшалай көмек 28465 адамға (5028 отбасы) – 1180,2 млн теңге) тағайындалып, 6849 адамға (1668 отбасы) 345,3 млн теңге шартсыз ақшалай көмек, 28272 адамға (5094 отбасы) – 968,5 млн теңге шартты ақшалай көмек төленді. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар құрамында 18 жасқа дейінгі балалар 63,1%,

жұмыссыздар - 8,3%, жұмыс істейтіндер – 9,3%, бала күтімімен отырғандар – 14,8%, студенттер – 2,7%, зейнеткерлер мен барлық топтағы мүгедектер – 1,2%, басқа да санаттағылар 0,6% болды. Әлеуметтік келісімшарт негізінде атаулы әлеуметтік көмек алушылардың қатарындағы 2843 адам жұмыспен қамтылып, оның 38,9% (1105 адам) тұрақты жұмысқа орналастырылды, 1461 адам – қоғамдық жұмыстарға, 54-і – әлеуметтік жұмыс орындарына, 39-ы – жастар тәжірибесіне, 184 адам қайта даярлау курстарына жіберілген. Сонымен қатар, 1208 адам әлеуметтік бейімдеу шараларына тартылды. Әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты іс-шараларға, 2568 отбасына (12825 адам) 561,4 млн теңге шартты ақшалай көмектің біржолғы төлемі төленді.

Брифинг барысында жаңа форматтағы атаулы көмектің игілігін көргендер ту-



ралы көптеген мысалдар келтірілді. Мәселен, Шиелі ауданының тұрғыны Абдуллаева Динагүл шартты атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінгенге дейін өзі де, жолдасы да жұмыссыз болған. Әлеуметтік келісімшарт негізінде бұл отбасына 339 мың теңге шартты ақшалай көмек төленді. Жолдасы тұрақты жұмысқа орналастырылды. Өзі жеке кәсіпкер ретінде тіркелді. Бүгінгі күні азық-түлік сататын дүкен ашып, кәсіпкерлікпен айналысуда. Натяжесінде, отбасының жан басына шаққандағы табысы 3,8 есеге көбейген. Мұндай мысалдар жеткілікті.

Осылайша, жаңа нысандағы АӘК енгізілуі – аталған көмекті алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, жұмыс іздеуге және өзін-өзі қамтуға ынтасын күшейтуге және аз қамтылғандар санатына жататын азаматтардың ел экономикасына және қоғам өміріне қатысу деңгейінің артуына оң әсерін тигізуде.

Күздің жиын-терім аяқталып, арқаны кенге салған осы шағы асып-тасыған берекесімен ерекше. Әсіресе, ерте көктемнен бері бел жазбай еңбек еткен диқан қауымның алаң көңілі саябыр тапқан. Бұйырған несібені қамбаға құйып, қыстық отын-көмірді қамдап, мал азығын жинап алған ағайынның да қарбалас тірліктен қолы босағаны байқалады.

Берекелі маусымға тән тағы бір өзгешелік бар. Балапанды күзде санайтын әдетпен шаруашылықтардың жауапты кезеңді қалай қорытындылағаны таразыға тартылады. Жәнімпаздар анықталып, үздіктер төрге шығып, еңбектері еленетін уақытты еңбек адамдары асыға күтетіні анық. Осындай берекелі шақта қала іргесіндегі Сырдария ауданына қарасты «Бесарық» шаруашылығына жолымыз түсті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

# «БЕСАРЫҚ» АТТЫ АУЫЛ БАР



## КЕМЕНІ ҚАЛАЙ АТАСАҢ...

Жүйткіген көлік Бесарық ауылына жақындағанда, жолдың екі бетіндегі шалқынған айдын бірден көзге түсті. Су бетіне қонақтаған құстардың сұлбасы алыстан ағараңдайды. Сулы жердің нулы болары белгілі. Жыңғылы мен жидесі қалың, «Абай Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев «Бұл не су?» деген көкейіміздегі сауалды оқып қойғандай.

— Оң жағымыздағы жайылған суды сол жақтағы дарияның кеуіп кеткен арнасына жіберу үшін арнайы мекемеге жолды бұзбастан, асфальттың астымен қаздырдық. Болашақта су қондырғысын қойсақ деген жоспа-

маржанын екті. Қыры мен Қызылына отар-отар қойын, келе-келе түйесін, үйір-үйір жылқысын жайды. Осы ауылда кеуделеріне Кенес заманының ең жоғары наградалары — «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерін таққан қарапайым еңбек адамдары өмір сүрді.

Тәуелсіздіктің елең-алаң жылдарындағы қиындық бұл ауылды айналдырған өткен жоқ. Бірақ дарияның жағасында, судың сағасында отырған халық ең басты құндылығын — ауызбірлігін жоғалтпады. Совхоздан мұра болып қалған жылжымайтын мүліктерді, ғимараттарды бұзбай сақтап қалды. Үлкенді тыңдап, кішіні тәрбиелеп, теңтекті тезге салатын ата жолы үзілмеді. Бабадан балаға мирас болған кәсіптің алтын арқауын



рымыз бар. Су дегеніңіз береке емес пе? — деді.

Кіреберістегі ауылдың төлқұжатында мәліметтердің бәрі алақандағыдай сайрап тұр. Сәл кейінірек қақпа қойылып, оған «Berekeli Besariq» деп жазыпты. Инвестор компания «кемені қалай атасаң, солай жүзеді» дегенді ойлады ма, Бесарықтың берекесі тасыған ауылға айналғанына мүдделі болғандықтан осылай жазды ма, ол жағын қазбаламадық. Қазір кәсіп ашушылар бизнестің бастауында тұрған ірі сала — неймингке, яғни, ат қою саласына жүгінеді. Ал неймингтің майын ішкен мамандар ат қоюдың бренд қалыптастырудағы маңызын айтып жүр. Қалай болғанда да «Berekeli Besariq» деген көзге жылушырайды. Бұл көрініс жарасымдылықты қалт жібермейтін фототілші Нұрболат Нұржаубайдың назарынан тыс қалмады.

## КЕШЕСІЗ БҮГІН ЖОҚ

Бесарықтың тарихы осы маңайдағы бытыранқы қолхоздардың бірігуінен басталды. Бұл 1950 жыл еді. Тұрғындары атақәсіп — мал бағуға да, егін егуге де епті болатын. Ол кезде техника қайда, бейнетті белшеден кешкен бесарықтықтар арықты, каналды қолмен қазды. Шопандар төл алу, қаракөл өндіру сияқты сол дәуірдің «социалистік жарыс» аталатын аламаньында алда тұрды. Сырдың суына сары қауынның, ақ бидайы мен

саралап, безбенге салғанда, көңілді бірлейтін көрсеткіштер көп екен.

— Көктемде 486 гектар жерге күріштің «Янтарь» тұқымын ектік. Өнім 67 центнерден айналды. Барлық шаруашылықтар сияқты күріштің пісу кезеңінің созылуы, су тапшылығы біз де бастан өткердік. Дегенмен, бригадалағы күрішілер, сушылар мен механизаторлардың еңбегі қайтты. Агротехникалық талаптарды толық сақтадық. Техникаларымыз сақадай сай, шетелдік комбайндар, жатқалар мен тасымал көліктерін алдық. Тынайтықш жеткілікті болды. Көктемгі егіс науқанына қарай жер айдағыш техника келеді. Қырман басындағы құрылыстары жанадан салып, кейбіреулерін жөндеуден өткіздік. Орталық қоймаға 500 тоннадан астам тұқым құйдық, — деді серіктестік директорының орынбасары Бейбіт Белгібаев.



Серіктестік 150 адамды тұрақты, 200-ден астам адамды жиын-терім маусымында жұмыспен қамтып отыр. Бір күрішке, одан алынатын өнімге қарап отырса, бұл көрсеткішке көл жетпес еді. Дәкілдің түр-түрін егіп, жерден теретін ырыздық-несібені төкпей-шашпай жинап алғанда ғана іс ігері басалды. Экономикамен бірге ауыл шаруашылығын да әртарапандыру керектігі іскерлік ортада әлдеқашан дәлелденген. Осы ізбен биыл 690 гектарға жоңышқа екен еді. Онда еңбек ететін 3 бригада үш орымнан серіктестік иелігіндегі малдың азығын жинап алды. Қалғанын ауыл тұрғындары мен жұмысшыларға жеңілдетілген бағамен сатты. Әлеуметтік көмек ретінде 2000 бауын таратты. Бидайдың өнімі де жаман болған жоқ. Осылайша ауылдағы құрама жем зауытына қажеттің бәрін әзірлеп алды.

Сонғы жылдары Кенес заманындағы Сыр қауымының даңқын қайта өрлету үшін жер-жерде бастамалар көтеріліп жүр. Бесарықтықтар да бұл бастамаға өз үлестерін қосып, биыл бірінші рет 20 гектар жерге сары қауын екті. Бұл сорт көптен бері өсірілгендіктен, алғашында көңілде алаң болған. Жер-ана жомарттық танытып, биыл Бесарыққа қауыннан тау тұрғызылды. Көл-көсір өнім ауылдағы, қала берді, сырттағы ағайынның игілігіне жаралды.

— Биыл тәжірибе ретінде 14 гектар жерге картоп екенбіз, су жетпей қалғаны болмаса, шығымы тәп-тәуір. Қазір тұқымдық картопты қоймаға тасып алдық, — дейді «Бесарық» ЖШС басшысы Дәулет Сәрсенбаев.



## ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ БӘРІ БАР

Шаруашылық тек егінді ғана кәсіп қылмай, мал басын көбейтіп, оның өнімін өңдеуге ден қойып отыр. Қазір Гиссар тұқымдас 4 мың бас қой 6 отарға бөлініп, шопандар бағымына берілген. Ет бағытындағы болғандықтан, аталық малдың салмағы 130-140 келіге дейін жетеді. Тәжікстандық қой тұқымының ерекшелігі жылына екі төлдейді. Бір гиссар қазакы қойдың бірнешеуіне тиді. Күтті де оңай емес.

Түйенің еті — азық, шұбаты — шипа, шудасы киім десек, серіктестік иелігіндегі 30 Ойсылқара тұқымынан күніне 70-80 литр шұбат өндіріледі. Шиналы суынды сатып алушылар сапалы, табиғи өнімге деген сұраныс күннен күнге артқанын айтып

отыр. Енді сиыр мен жылқы басын көбейтуге жұмыс жасалады.

Серіктестікте жұмыс істейтін азаматтарға айлық жалақы тұрақты төленеді. Егін-терім аяқталғанмен, жұмыс көзін тауып беріп, еңбеккерлерге қолдау көрсету жалғасуда.

## АУЫЛ - АЗАМАТТАРДЫҢ АЙНАСЫ

Бесарық — әу баста нақты жоспармен салынған елді мекен екені

балабақшаны жөндеді. Үлкен көшенің бойын өрнекті темір шарбақпен қоршауға да осы жылы қол жетті. «Ана бақыты» ескерткіші, субұрқак, әткеншек, басқа да сәулетті формалар орталық алаңның сәнін келтіріп тұр. Айнала тап-таза. Басшы азаматтар ауылды абаттандыру, көгалдандыру, гүлзар егу арқылы тұрғындардың ортақ мүлікке жанашырлығын, туған жерге сүйіспеншілігін арттырғысы келеді.

Орталық алаңға орналастырылған 3 алып билборд аса жоғары талғаммен жасалған дүние болғандықтан, сырттан келген адамдардың көзін тартады. Ал бесарықтықтар үшін бұл орын



ауылдың айнасы, «Құрмет тақтасы» іспетті. Мұнда ауылдың ардагерлері, батағой ақсақалдар, еңбек адамдары, Батыр аналар, осы жерден түлеп ұшқан жерлестердің суреті ілінеді. Үлкенге — құрмет, кішіге ізет көрсетудің қарапайым ғана үлгісін тапқан серіктестік басшылығына тұрғындар дән риза. Бір ерекшелігі, билборд ай сайын ауысып тұрады.

Бесарықта жыл сайын дзюдодан халықаралық турнир өтеді. Биылдан бастап оған бокс пен таэквондо қосылды. Компания 2,5 млн теңгеге сапалы спорттық жабдықтар алып берді. Енді бапкерлердің айлық жалақысына қатысты мәселе шешілме. Тағы бір игілікті іс — ауыл балаларына ағылшын тілін тереңдетіп үйрету. Қазір Қызылорда қаласынан шақырылған мұғалімнің айлық жалақысын, жол қаражатын «Абай Дәулет» өтеп отыр. Ауылдағы

Әубәкір осы маңдағы тарихи орындардан табылған жәдігерлерді жинақтаған. Бесарықтың 70 жылға жуықтаған тарихы, сол тарихты жасаған тұлғалар туралы мол мәліметтер асқан ыждағаттылықпен сақтаулы тұр. Бұл — өткенге құрметтің белгісі. Өйткені болашағын ойлаған адам өткеннің сабағын, өнегесін ескерді.

## Түйінсөз орнына:

— Мәке, өзіңіз «Бесарықтың» тумасысыз ба?

— Жоқ, Қызылорда қаласында туып өскенмін. Не демегіңізді түсіндім. Өйткені бұл сұрақ маған жиі қойылады. Еңбек етіп, табыс тапқан адам оның бір бөлігін сол жердің игілігіне жұмсағандан, ырысы ортаймайды. Қайта елдің батасын алып, несібесі арта түседі.

Суреттерді түсірген  
Н.НҰРЖАУБАЙ.



## Тоқсанның толғауы

## ӘКЕСІНІҢ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАҒАН БАЛА

Шәкең Сырдарияның «Ақлақ» тоспасынан екі шақырым жердегі Терістүбек деген ауылда дүниеге келген. Ауылдың алдындағы Баян көлі бір жағы теңізбен, бір жағы дариямен шектеседі. Елдің негізгі кәсібі – балық аулау. Олар екінші сыныпта жүріп-ақ ата кәсіпті де, құс атуды да үйреніп алыпты. Соғыс жүріп жатқан 1942 жылы әкесі Дәрмағанбет пен оның серіктесі Елеместі еңбек армиясына алып кетті. Содан колхоз басқармасы Байтақ Бүркітәлі екеуін оқудан шығарып алып, «әкелерінің жоспарын орындайсыңдар» деп балыққа

жиналысы болды. Жиналысты жүргізген кешегі кісі ауатком төрағасының орынбасары екен. Бұны тұрғызып қойып «Сіздердің орталарыңыздағы Дәрмағанбетов деген жас мұғалім үйіме келіп, баламның сабағы мен тәртібін айтты. Бүкіл өмірімде оқушының үйін аралаған мұғалімді бірінші көруім. Басқаларың да осыдан үлгі алуларың керек» деп бұны тағы мақтады.

Бірақ Гурьевте елге асыққан бұған көп болудың сәті түспеді. Екі өкпесіне салқын тиіп, ауруханадан бір-ақ шықты. Дәрігерлер елге қайтуға рұқсат берді. Шәкенді теміржол вокзалында мектептің 30-40 мұғалімі шығарып салуға келгенде карт Атырауда мұның өткен айлары босқа кетпегенін сезгендей болды.

беделі арта түсті.

Дәрмағанбетов бұнымен тоқтап қалған жоқ. Білім ордасы жанынан кешкі мектеп ашып, ауылдағы жұмысшы, балықшы жастардың орта білім алуына көмектесті. Олардың арасынан Мәскеуге оқуға түскендер де болды. Сонымен бірге тал өсіріп, алма егуге де бастама көтерді. Қаратерен елуінші жылдары қайта өркендеу жолына осылай түскен еді. Ауданда ол кезде «Сольтрест» пен балық комбинатының және бірнеше колхоздарда жеті көптіражды газеттер шығатын. Аппасына 500 данамен шығатын «Озат балықшы» газетін тұрғындар жатпай-тұрмай оқиды. Кейде олар ауылды сынап та алады. Сөйтіп жүргенде

# Сыр елінің ардақ иелерінің абдызы

жіберді. Мектеп директорының көмбеске амалы жоқ, қорқады, оны да еңбек армиясына жіберуі мүмкін. Жоспар дегеніңіз анау-мынау емес, 104 центнер, оған қоса 40 ау, қайық, құрал-жабдықтар бар. Олардың әкесі теңізден балық аулайтын еді, он үш жасар болса да қорықпай өркеш-өркеш толқыны бар теңізге шықты. «Аралбалық» комбинатының бастығы «Возрождение» аралынан шемейка аулауға әскерилерден рұқсат алады. Үлкен кемеге қайықтарын тіркеп, тау-тау толқындармен алысып, оған да жетті. Әскери аралға жақындапайды. Бірақ балық көп, еңбектері қайтып бірнеше күнде олжалы оралды. Содан күзгі суық түскенде қарашаның аяғында ғана оларды босатып, мектепке баруға рұқсат берді. Басқарма әкелерінің жоспарын артығымен орындағандарын айтып, арқаларынан қағып, айлық жазып шығарып салды. Міне, соғыс балалары осылай есейген еді. Қаратеренде онжылдықты бітіргеннен кейін ол Қызылорда педагогикалық институтына оқуға түсті.

## АТЫРАУДАҒЫ АЙЛАР

1950 жылы институтты бітірген бойда жеті түлекті бұрынғы Гурьев облысына жібереді. Сөйтсе, бір жолдасы кадр тапшы дегенін таныс адамна сырттарынан өтініш жазып, шақырту алдырып қойыпты. Оны да кейін біліп, бұлар тас-талқан болып ашуланды. Бірақ амал жоқ, маман тапшы уақыт, жіберген жеріне баруға тура келді. Сөйтіп алғашқы ұстаздық жолын Атырауда бастады.

Бұл келген жер қаладағы жалғыз онжылдық казак мектебі екен. Оныншы сыныптың саны – 17, оқушылардың көбісі әскерден қайтқан үлкен жігіттер. Шалғайдағы ауылдардан келетін балаларға арналған 400 орындай интернаты және бар. Директоры әйел, үш орынбасарының бірі танысы Рыспапбетов екен. Түске дейін бес сағат, түстен кейін бес сағат сабақ береді. Онымен қоса осындағы балық комбинатында дүйсенбі сайын саяси сабақ өткізеді. Ол кездегі мұғалімдерге жүктелген тәртіп солай.

Ұстаздық жолы оңай басталған жоқ. Мектептегі жақсы сынып саналағаны ұжымның жеті оқушысының алтауына екілік баға қойып жіберген еді. Содан сынып жетекшісі келіп үлкен шу шығарды. Балалардың білім деңгейі осылай деп бұл да қасарысып отырып алды. Дау қалалық білім бөліміне жетіп, ақыры арнайы комиссия шақырылды. Комиссияның басқарып келген орыс әйел шәкірттердің білімі тақырыпты жаттап алғандықтан жақсы болып келгенін, бұл дұрыс еместігін, өздерінің түсінігін айтуы керектігін айтып, жас ұстазды жақтап шықты. Содан бұғның беделі көтерілді. Енді оған мектептегі ең бұзық сыныпқа жетекшілік ету таласырды. Сыныпқа кірсе, ондағы 17 ер бала отыр десе отырмайды, тұр десе тұрмайды. Олардың ересектерін бір-бірін нұқып тәртіпке келтіріп, үйлерінің мекен-жайын жазып алып, ата-анасына баратынын ескертті. Содан басты тентектің үйіне келсе, шарбағы кең, үйі ауқатты тұратын отбасы екен. Баланың әкесі қызмет істейтін адам сияқты. Мұның мұғалім екендігін естігенде таңырқап қалды. Мән-жайды естіген соң баласын шығарып жіберіп, оның келгеніне кәдімгідей риза болғанын жеткізді. Ертеңіне түс ауа мектепте үлкен ата-аналар

## ҚАРАТЕРЕННІҢ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛДАРЫ

Туған жерге оралғанымен, сыр берген денсаулығы сауығып кете қойған жоқ. Күнде есіктің алдына шығып, күншұақта отырады. Бір күні әжесі теңізге шыққан әжесіне «бір қап тыран алып кел, бірәп балығың тірі болсын» деп тапсырма беріп жатқанын естіді. Ертеңіне қаппен келген балықты бұл аршып, әжесі қазанды қайнатып салып жатыр. Қайнаған жас балықтың майы қазанның бетіне шықты. Балаларға шыны жинатып алып, тазалап, оған қазанның бетіндегі кілкіген майды күйді. Сосын шыныларды қамыс қораның белдеуіне төңкеріп тығып қойды. Екі-үш күннен кейін оның майлы сорпасы жоғары шығып, түбінде түссіз мөлідр сулар қалды. Әжесі осы мөлідр суды күнделікті қасықпен ішкізіп еді, жағдайы түзелгендей болып тамақ алдыра бастады. Бірер жетіде жағдайы да жақсарды.

– Жалпы әжем Қаратаудағы мыңғырған түйесі бар бір бәйбіше қызы екен, – деді Шәкең өткенді еске алып, сонау төңкеріс кезінде, дүрбелең жылдары бәйбішенің малын өкімет тартып алып, өздері бас сауғалап қашуға тура келді. Сонда әжесі малын бағатын бір жігітке «мына табыннан 100 түйені тандап алып, қызды алып дарияның аяғына қарай қашыңдар. Тірі болсақ, біз сендерді сол жақтан іздеп табармыз» деген екен. Шәкең де талап-таража түскен малдан бөліп алып, олар екеуі терістікке жүріп кетеді. Қармақшыға жеткенде сол түйелер тағы да қарақышларға тап болып, бұларға бас сауғалауға тура келді. Содан әлгі кісі әжемді боталы түйеге мінгізіп, «ең болмаса сен аман қал, дарияның терістік аяғындағы соңғы ауылға жет» деп шығарып салыпты. Әжем де сұрастыра жүріп өзеннің соңындағы ең соңғы бздін Терістүбек ауылына жетеді. Келіп шеткі үйге түйесін шөгеріп, құдайы қонақпын деп біздің үйге түскен ғой. Бұл – бір үлкен бөлек хикая. Соғыстан соң, 1948 жылдары әлгі адам әжемді іздеп келіпті. Ол кісі осындай зерледі, текті зулеттен еді.

Шәкеннің елге келгенін естіген аудандық білім бөлімі маза бермейді. Денсаулық жағдайын айтса, көнбейді. Сабақ бермей-ақ, мектепке директор бол деп қолқа салады. Дәрігерлерге қаралып келіскен соң Октябрь және Шөмішкөл мектептерінде жұмыс істеп қайтты. Содан Қаратеренге мектеп директоры болып қайта оралды. Миллионер колхоздың басқарма төрағасы Максұтқали Демесінов Дәрмағанбетов Қаратереннің тыныш өміріне өзгеріс жасай бастады. Сол кезде Хрущевтің баяндамасында «колхоздар өз күшімен көмектесіп, мектеп салып беру керек» деген деректің бар болатын. Мұны басқарманың жиналысына салып, бүкіл ауыл тұрғындары мен мұғалімдер жабылып, кірпіш құйып, жана мектеп салып алды. Мектептің жанынан интернат ашу үшін біраз жүгіруге тура келді. Аудандағылар штаг, құрал-жабдық бергенімен «тамаққа қаржыны өзін тауып ал» деді. Колхоз үн мен қанттан көмектескенмен, ет табу мәселесі қиындады. Ауылда төрт жылым бригадасы бар еді. Бригадирлердің үлкені Ізімбетов жақын ағасы және өткір адам болатын. Жағдайды түсіндіргенін басқармаға барып төрт жылым есебінен интернатқа бракка шығарып, төрт жылқы бергізетін болды. Өйткені, онда жататын да, оқитын да балықшылардың балалары деп, мәселені шешіп берді. Осылайша шалғайдағы шағын ауылдардың балалары орталыққа келіп білім алатын болып, Шәкеннің ел алдындағы

басқа облыстарда радио газет бар дегенді естіп, Дәрмағанбетов облысқа дейін барып, жергілікті эфирден шығуға рұқсат алады. Ауылдағы радио-торабы халықтың мәдениет ошағына айналды. Кәдімгідей екі дауыспен хабар жүргізіп, соңынан концерт береді. Дәулетбай деген күшті домбырашы ағасын алдырып күй, терме орындататын. Ағасына көмпит ал деп, ақша да беріп қояды. Халықтың өтінішін ескерген колхоз басшылары қаладан бір машина радио алдырып, бүкіл Қаратерен радиолы болып қалды. Сөйтіп жүргенде облыста көптіражды газеттердің байқауы өтіп, «Озат балықшы» бірінші орын алады. Бір күні аудандық партия комитеті «Аудандық газетте кадр жоқ, Дәрмағанбетовті газетке алдырыңдар» деп тартып береді. Содан мектеп директорының тастап, 1960 жылы жазда «Социалистік Арал» газетіне өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі болып келді. Үш жылдан кейін газет жабылып, Қазалыға қосылған соң 1965 жылы қайта ашылды. Облыстық «Ленин жолы» газетінен Мәлік Сәрсенов редактор болып тағайындалады. Ол аупарткомның бюросында «Дәрмағанбетовті орынбасарлыққа беріңдер» деп отырып алады. Содан аудандық «Толқын» газеті осылай шыға бастады. Шәкеннің мақалалары мен очерктері облыстық республикалық газеттерде жарық көріп, қаламының қарымды да жүрек екенін танытты.

## ФЕЛЬЕТОН МЕН ТЕЛЕФОН

Алпысыншы жылдары Шәкірат Дәрмағанбетовтің фельетондары елдің аузында жүрді. Сондай оқиғалардың бірқатарын автордың өзі қызғылықты етіп жеткізген еді.

Бірде аудандық партия комитеті газет редакторының орынбасарын коммунистердің мүшелік жарна төлеу барысын тексеріп келуге жібереді. Аудандық ветстанция бастығы мекемесіне жолатпай, қағаздарын бермей қояды. Бастықтың бір шикілігі барын сезген тілші оның бес жерден жалақы алатынын анықтайды. Өз қызметімен қоса мал базарда, балық комбинатында, тағы басқа бірнеше жерде ешкімге бермей ветдәрігер болып тіркеліп, айлық алады екен. Шәкең барып бес жерден анықтама алады да, райкомға ескертіп, газетке «Қазаншының еркі бар» деген фельетонды жарқ еткізеді. Бастықтың сенгені туысы екініші хатшы екен, фельетоннан кейін үш-төрт күн үйінен шыға алмай қалыпты. Партияның дүркіреп тұрған кезі, мәселенің арты үлкен дауға ұласып, әлгі кісі қызметімен қош айтысады.

Сол жылдары бүкіл облысты дүркірткен тағы бір оқиға болды. Аудандық ауруханада емделушілер бір апта бойы тамақ жоқтығын айтып, редакцияға телефон соғалды. Редактор Сәрсенов іссапарда болатын. Бұл журналист Ермағанбетовті дереу ауруханаға жіберіп, зерттеп келуді тапсырады. Шынығында да, ауруханаларға бір апта бойы тамақ берілмеген. Азық-түлікпен қамтамасыз ететін қалалық сауда қоғамының басшылығы олардың қаржысы болмаған соң қарызға біраздан бері азық-түлік босатпай отырғанын растап қағаз береді. Ертеңіне «Толқын» газетіне «Аурулар аш қалыпты» деген тағы бір фельетон бұрқ ете қалды. Сын мақаланың дауы аудан асып, облысқа жетті. Сондағы айта-

тындары «Кеңес заманында адам аш қалды деген не сұмдық», мәселе ұшығып Шәкең Қызылордадан, обкомның бюросынан бір-ақ шығады. Бюрода бірінші хатшы С.Тәнекеев анықтамалармен таныса отырып, «Бұл жігітте не кінә бар, міне, жиырма адамның хаты тұр. Бір жеті тамақ ішпегендері рас екен» деп партбилетке жазылатын сөгістен құтқарып жібереді. Ал редактор іссапарда болғанын айтып, «газетке қол қойған Дәрмағанбетов, жазған Ермағанбетов, суретке түсіріген Келмағанбетов» деп аудандық бюродағыларды бір күлдіріп алып, ол да құтылып кетеді. Бұл сөзі кейін мақалға айналды.

Фельетон мен сын мақалалар өткір жанр ретінде қоғамның, өмірдің келенсіз жақтарын сынап, кемшіліктің бетін ашатын. Ол кезде де жемқорлықпен, сыбайластықпен күрес толастамаған еді. Аудандағы дайындалу мекемесі тұтынушылар қоғамымен сыбайласып, жалған құжаттар арқылы қаржы жымқырғаны жөнінде газетке арыз түседі. «Иектерің қышымасын» деген сын мақалада осындай жағдай ашкереленді. Дайындаушылар ауылдардан мал сатып алған болып, оны сауда мекемесіне өткізіп, жалған құжатпен ақша жасап отырған. Осы мәселені зерттеген тілші Ақбасты, Құланды, Аманткел, Қамбаев ауылдарына барып, тізімдегі адамдармен сөйлесіп, олардың мал сатпақ түгілі, агентті көрмегенін өз қолдарымен жаздыртып алады. Сөйтіп материал жинақталып, газетте жарық көреді. Ақыры жалған құжатпен ақша талқандар құрыққа ілінеді. Ал «Өтірік филиалдар» деген фельетонның шуы да, дауы да көп болды. Ол кезде кәсіптік-техникалық училищелер ауылдарда механикаторлар мен шоферлар дайындау үшін үлкен мекемелерден филиал ашып, жұмыс істейтін. Жылдар өте келе ол формализмге айналып, ауылдағылар жалған фамилиялар толтырып, оған үш-төрт жылға стипендия төленіп келген. Тілшіге осындай хатпен арызданған адам мұны тексеріп, анықтауды талап етеді. Шәкең тағы да жолға шығып, Жаксықлыш, Тоқабай, Қарақұм ауылдарын тексеріп, ондағы филиалдардың жұмыс істемейтінін, бірақ біреулер поштаға келген стипендияны алып отырғанын анықтайды. Тек Октябрь ауылындағы кісі ғана олақшаға қол тигізбей отыр екен. «Өтірік филиалдар» шыққаннан кейін ауданды тексеруші органдар жауып қалды. Сонымен бұл мәселенің арты ұшығып, біраз адам жазаланғаны бар. Бірақ Шәкеңе қосан-лоққы жасаушылар да болмай қалған жоқ.

Сол уақыттарда белгілі ақын Мешітбай Құттықовтың үйіне сыйлас ағасы, партизан жазушы Қасым Қайсенов қонаққа келеді. Содан Шәкең оларды үйіне шақырады. Меймандар Алматыға тапсырыс беріп, күтіп отырса, телефон шар ете қалыпты. Партизан ағамыз телефонды көтерсе, арғы жағынан біреу «Сені құртатым, енді тірі жүрмейсің» деп дүрсе қоя беріпті. Алғашқыда сасып қалған жазушы жағдайды тез түсініп, телефонды қос салады. Сосын Шәкең «Шәкірат-ау байқасайшы, мыналардың екпіні қатты ғой» депті күліп. Сөйтіп фельетон мен телефон оқиғасы осылай есте қалып еді.

## ТОҚСАННЫҢ ТҰҒЫРЫ

Облыстық және республикалық баспасөзде мазмұнды мақалаларымен, ойлы очерктерімен көрінген Шәкенді «Ленин жолы» газетінің редакторы Ұзақ Бағаев қызметке шақырып, екі ауданға меншікті тілшілікке қабылдайды. Меншікті тілші

газеттің аудандағы өкілі ғана емес, оның кәдімгідей көзі мен құлағы десе болады. Жетпісінші жылдардың басында редакциядан Қазалы ауданының «Өркендеу» кеңшарында бір сауыншы үш мың литр сүт сауып, рекорд жасап жатыр, соны суретке түсіріп, жазу керек деген тапсырма алады. Бұл аң-тан, екі ауданның жағдайын, көрсеткіштерін бес саусағындай біледі. Фермадағылар ондай көрсеткіш түгілі екі мың литрді әзер сауалды. Редакцияға шығып, жағдайды түсіндірсе, «бұл – обкомның тапсырмасы» деген жауап алады. «Бірақ нақты жағдайды жазамын десем, оны көріңіз» дейді редактор. Бұл Қазалыға келіп ауыл шаруашылығы басқармасынан сол кеңшардың мәліметтерін мөр бастырып алып, фототілші Б.Омаралиев екеуі «Өркендеу» жетеді. Кеңшарға келіп, сауыншылармен сөйлесе шикіліктің ізі шығады. Сөйтіп келесі күні газетте «Жалған көтермелеу неге керек?» деген мақала жарық көреді. Бұл оқиғадан соң газеттің де, тілшінің де беделі артып, өтірік көтермелеу көбінесе сабақ болады.

Қаламгер Ш.Дәрмағанбетов ақты ақ, қараны қара деп жазатын, көп атқамірлерді ықтырып жіберетін, ал беделі анау-мынау басшылардан кем емес журналист. Шәкең – ширек ғасырдан астам меншікті тілшілік қызметін атқарған еліміздегі алғашқы қаламгерлердің бірі. Облыс баспасөзінің қарашырағын басқарған Ү.Бағаев, Қ.Әбенев, Н.Уалиев, Ә.Рахымбеков сынды тәжірибелі редакторлармен қызметтес болып, газеттің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Інісі Шәкірат та республикаға белгілі журналист еді.

1980 жылы «Қайнар» баспасынан жарық көрген «Арал арайы» кітабы шығармашылығының жарқын бөлігі болды. Журналист «Правда» газетінің 1948 жылғы санында жарияланған «Арал балықшылары құтқарылды» деген шағын хабарды негізге алып, оның кейіпкерлерін іздестіреді. Мұз үстінде ыққан балықшыларды құтқарған ұшқыш Хамит Қалиев есімді азаматты тауып, оның ерлігін көпшілікке паш етеді. Ал ыққан балықшылар – ағасы мен келіні өзінің ауылдастары болып шықты. Сондай-ақ, адамдардың қилы-қилы тағдырлары, өмірге құштарлығы мен еңбек ерліктері туралы ақалам тербеді. Қаламгердің очерктері әңгіме секілді жеңіл оқылатын, оқиғаны баяндау тәсілі өзгеше құрылатын.

Ш.Дәрмағанбетов елдің, жердің жағдайын, Арал теңізінің тағдырын жаза жүріп, оның қорғаушысы және қолдаушыларының біріне айналды. Шәкеннің өмірі туған жерімен сабақта, тағдырлас. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Аралға келген сапарында айдыны суға толған Кіші аралды, «Көкарал» бөгетін көрді. Бүкіл Сыр елінің атынан халықтың ризашылығын жеткізген де осы Шәкең еді. Сол тұста «Жезқазған-Сексеуі» теміржолының жобасы дайындалып, жолды Шалқардан не Сексеуілден салу керек деген мәселе көтеріліп, ұсыныстар жоғарыға жіберіліп жатады. Шәкең Елбасымен кездескенде осы мәселені еске салып, «Біздің ұсынысымызды қолдаған қолыңызды беріңізші» деп көпшілікті бір күлдіріп алады. Кейін Елбасы сол кездегі Ресейдегі елші Қырымбек Көшербаевқа «Аралға барсам, бір үлкен кісі осылай деді» деп сүйсіне еске алыпты. Сонда әкім: «ол менің әкем ғой, Шәкірат деген ақсақалымыз» деген екен.

Қарымды қаламгер зейнет демалысына шыққаннан кейін жерлестеріне бастамашы болып Ақбай алқабын игеруге шықты. Тыңға түрен салған алқапқа сол жылдары «РЗА» АҚ президенті, белгілі азамат Самұрат Имандосов қол ұшын беріп еді. Көптеген аралдықтар егіншілікпен айналысып, қазір бұл жер берекелі танапқа айналды. Мұнда жана арна қазылып, өңір жасыл желекке бөленді. Шәкеннің бастамасымен Елді бойындағы аштыққа ұшырағандарға 14 вагон балық жіберген аралдықтардың тарихи оқиғасының 95 жылдығы аталып өтті. Бүгінде ұрпақ жандыда мәңгі жанғыратын осы оқиғаның ғасырлық мерекесіне дайындалады.

Шәкең үлкен өмір жолынан өтіп, габратты ғұмыр кешті. Қызылорда педагогикалық институтын бірге оқыған мемлекет және қоғам қайраткерлері Елеу Көшербаев, Дәуірхан Айдаров, көрнекті ғалымдар Раушанбек Әбсәттаров, Талы Тұрлығұлов және басқа көптеген белгілі азаматтардың елдің өсіп-өркендеуіне қосқан үлестерін жас ұрпаққа айтудан жалықпайды. Шәкірат Дәрмағанбетов көп жылғы жемісті еңбегі үшін «Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қайраткері» құрметті атағымен, Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, ондаған мемлекеттік және мерекелік медальдармен марапатталды. «Арал ауданының құрметті азаматы». Шәкең – бүгінде үлкен әулеттің бәйтерегі, немере-шөбере сүйген қадірменді ата.

Ол – Аралдың тірі тарихы, шежіресі мен жаңғырығы, безгек болмысты текті тұлға. Әлі күнге қаламымен халқына қызмет етіп, өткен мен бүгіннің алтын көпірі іспеттес оның мақалаларын оқырмандар қызға оқиды. Жазушының мұрағатында 200-ге тарта бумада сарғайған құжаттар мен қағаздар туған жердің сыр мен жыры, адамдарының жарқын бейнесі десе болады.

Міне, бүгінде Шәкең Аралдың абызы мен батағай ақсақалына айналып, 90-ның төріне шығып отыр. Той торқалы болсын!

Жұматәлі ӘБДІРАМАН,  
ҚР Ақпарат Таласының үздігі.

РУХАНИ  
ЖАҒҒЫРУБИККЕ  
ӨРЛЕУДІҢ  
БАСПАЛДАҒЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қоғамның санасын жаңғыртуға білімнің салтанат құруы, бәсекеге қабілеттілігі сана ашықтығының алатын орны маңызды екендігін атап өткен болатын. Бәсекеге қабілеттілік – биікке өрлеудің баспалдағы. Елдің бәсекеге қабілетті болуы, әрбір азаматтың дарынды әрі білімді болуы деген сөз. Сауаттылық сананы игеру ғана емес, сонымен қатар, өз болмысың мен күшіңді көрсете білу. Әрбір ел дамуы үшін алдымен білім керек. Міне, осы тұрғыда әрбіріміздің көңілімізде білімнің салтанат құруы шарт.



Келесі мәселе – ұлттық сана туралы. Мына өзгермелі заманда сана сезім мен рухани дүниетанымды байытпай, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық тұйыстыру мүмкін емес. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе!» – дегендей, өскелең ұрпаққа ұлттық сананы дұрыс қалыптастыруымыз керек. Ол үшін біз «бала – отбасы – мектеп» үш тұғырында әрбір жеке тұлғаны санаулы азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен ұлттық идеологияның темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді игілендіріп, рухани жағынан үнемі жетіліп, үздіксіз дамып отыруға тиіспіз. Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сау, тарихын танытын, революциялық емес эволюциялық дамуы қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдер қоғам қалыптастыру. «Рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас үшін» тұжырымды ойлардан тағылымды тәрбие алып, ісімізден нәтиже шығаруымыз керек.

Елбасымыз біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басу керектігі және бұқаралық сананы қалай өзгертуге болатыны жөнінде алысты болжайтын осындай терең көзқарастарымен, жақсы ойларымен бөлісті. «Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу, білім алу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман», – деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлға – еліміздің ертеңі және қоғамның бейнесі де саналы азаматы. Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу – қазіргі педагогтің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі.

«Жана құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады», – деп Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, бала дамуының баспалдағы да осы тәрбиеден басталады. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзі де қоғамымызда ерекше қызығушылық тудырып, өзекті болып отыр. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың сана-сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу – уақыт талабы. Бүгінде оқушыларды

жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу міндеті қойылып отыр. Оның себебі оқыту ғана емес, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарып, туған өлкеңісі деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақ халқының қалыптасқан ұлттық өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптардың басымдылығы мен өзіндік бейнесін тарихи тұлға ретінде сақтауға тәрбиелеу. Осындай ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге көтеру үшін қабілетті тұлға қалыптастыру қажет. Жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына деген құрмет пен сүйіспеншілігін арттыру және өз ана тілі мен дінін, қазақ тарихын, мәдениетін мен салт-дәстүрін сақтауға тәрбиелесек ғана мақсатқа жетеміз.

Білімнің негізі мектепте қаланады. Баланың болашақта мықты маман болуы да, саналы азамат болып қалыптасуы да тікелей мектептен байланысты. Бүгінгі заманның сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін заманауи мектептер сапалы білім берумен қатар оқушының өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады. Бұл дегеніміз – оқушы үнемі ізденісте бола отырып, нақтылы қайнар көздерден алынған мәліметтерді ой елегінен өткізіп, қорытып, тәжірибемен ұштастырады. Біздің ойыс ұстаздары да білім берудің жана әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сабақ өткізеді. Ұстаз бен шәкірт бірлесіп шығармашылық, тәжірибелік, жобалық тапсырмаларды орындайды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, зияткерлік байқауларға, олимпиадаларға және біліктіліктерін арттыру мақсатында халықаралық, республикалық семинарларға қатысады.

Бүгінгі күні идеясы тың жан-жақты сауатты, кәсіби мамандардың жоғары жетістікке жетуіне ақпараттық-технологиялық сауаттылықтың маңызы зор. Қазіргі ақпараттар дәуірі үстемдік алған ашық қоғамда санамыз бен жан дүниемізді рухани жағынан жаңғырту, ұлттық болмыс пен бірегейлігімізді сақтап қалу, білімділікке ұмтылу аса маңызды. Уақыт өткен сайын техниканың жаңаруы мен дамуы белес алып, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының іске қосылуы да заманауи жаңғырудың бір белгісі болып отыр.

**Баймырза ҚОЖАМБЕРШЕВ,**  
**«Өрлеу БАҒАУ АҚ» облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д., профессоры.**

## Сағыныш

ТАЛАЙ ЖАННЫҢ  
ЖОЛЫНА ШЫРАҚ  
ЖАҚҚАН

Талайлар жыр арнап, талайлар сағыныспен естелік жазып, ағалап еске алып жүрген Сыр азаматы Нұрлыбек Ернарұлы Жүнісов менің туған ағам еді.

Өзім оқыған естелік дүниелердегі «Мен ана азаматқа еліктеп едім, мен мына азаматқа еліктеп едім, менің өміріме, болашағыма мына ғұламаның ықпал, әсері мол болып еді» дегенді еске аламын да ішімнен «Маған ықпал жасаған, мен еліктеген жан – өзімнің Нұр-ағам ғой» деймін. Иә, шындығы да осы, ақиқаты да осы. Менен мүшел жас үлкен Нұр-ағам тек менің ғана емес, біздің ауылдың бар баласының еліктеп, ұқсауға тырысып құрметтейтін азаматы еді. Алланың жазуы ғой, оның өмір соқпағы ерте үзілді, мына тіршілікке ынтық жүрегі ерте тоқтады.

Оның педучилищесі, кейін Шымкенттегі мұғалімдер институтында, онан соң Алматыдағы ҚазМУ-да оқып жүрген кезінде ауылға қаниқуға келуі бізге бір мереке сияқты болатын. Ағамның келуін тек біздің отбасы ғана емес, ауыл болып күтетін.

Негізі біздің отбасы әу бастан білімге, оқуға ынтылау болған. Әкеміз Ернар Жүнісовты 1889 жылы қазіргі Шіркейлі елді мекенінде дүниеге келген. Отбасындағы бір қыз, алты ұлдың бірі болған оның балалық шағы жоқшылықпен, қиыншылықпен өтеді. Ақназар, Жанназар есімді екі ағасы білім құйып, Өзбекстандағы «Көкілтас» медресесінде ескіше хат таниды. Жас Ернар сол ағаларына еріп, өзек жеріне кетіп, мақта алқабында жалданып, тиын-тебен тауып жүріп, ағаларынан ескіше оқуды үйренеді. Ернар медресені бітіріп елге келгенде, Сыр елінде патша үкіметі құлап, Кеңес үкіметі орнаған кез еді. Медреседен алған білімі жарамсыз болып қалғандықтан, ауыл арасында латын әріпін үйреніп, жас балаларға дәріс беріп жүреді. Асқар арманды, зор талапты, жақтық ойы оқу, іздену болып, елдегі жаңа бетбұрыс енді білімге құштар жасты Қызылордадағы педагогикалық училищенің табылдырығын аттатады. Училищенің ойдағыдай бітірген әкеміз бар күш-жігерін халық-ағарту ісіне арнайды. 1917-1952 жылдар аралығында мұғалімдік қызметінде талай жастың талант көзін ашып, санасын оятып, болашағына сара жол салады. Осындай ісіне тәнті болып сүйсінген ел-жұрты әкемді «алтын тісті мақсұм» деп атайды екен. Шіркейліден бастап Аманкелді, Қоғалықал, Зінктер, Сұлутөбе, Желек-Бөйкемұлда ауыл аралап жүріп, қиын-қыстау кезеңдерде қара домалақтарды оқытқан Ернар Жүнісовтың «тар жолда тайпақ кешкен» еңбегін кезінде ескеріп, бағалай білген Үкімет «Қызыл мұғалім» деген құрметті атақ берген болатын. Әкеміз ел-жұртқа білім берумен бірге өз балаларының да бойына имандылық пен адалдықты, адамгершілікті дарыта білді. Осыдан болар, біздің үйіміз балаларының барлығы да жоғары білім алуға, ғылымға ұмтылды. Қолдан келгенше әке мұрағатын жағлауды, оның ісін жалғастыруды мақсат еткен біздің әулеттен 8 ғылым кандидаты, 6 ғылым докторы, ондаған ұстаз шыққан екен.

Иә, Нұр-ағаға қарап бой түзедік, біз үшін ол өмір бағдаршамы болды. Біз де жігіт болдық, мектеп бітірдік. Ол кезде аға филология факультетінде, ал жемгем Алма Танбайқызы жаратылыстану факультетінде оқытушы болып қызмет атқарады. Жұп құрағандарына үш жыл болған, Қызылорда пединститутының аты алған, осы екеуінің де аты қоса аталатын, қала жұртшылығы сүйсіне, тамсана қарайтын ағам мен жемгем менен қандай мамандықты қалайтындымыз сұрағанда өзіміз қызықтыратын биология пәні екенін, екі-үш жылдан бері биолог болуды армандап жүргенімді айтқанда ағам әдемі бір жымыспен тамағын керіп алды да: «Ау, мен сені филолог болатын шығар деп жүрсем, е.е.е. е.женгенің қасында жүргін келіп тұрған қуың-ау» – деп маз болып күлді. Ой, ғажап-ау, ол кісінің күлкісі тіпті бөлек еді ғой, жүзі шырайланып, бір жылы шұғыла төгіліп кеткендей болатын еді.

Ағам 1949 жылы Шымкенттің мемлекеттік мұғалімдер даярлайтын институтына түсіп, оны 1951 жылы үздік дипломмен бітірді. Сол жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне емтихансыз қабылданып, университеттегі 1956 жылы үздік дипломмен тәмамдайды. Сол жылы министрліктің жолдамасымен Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтқа қазақ тілі кафедрасының оқытушысы болып келген ол, 1962 жылы аға оқытушы, 1967 жылы доцент, 1966 жылдың 11 маусымынан өмірінің соңына дейін 18 жыл филология факультетінің деканы қызметін атқарды. 1965 жылы ағам филология ғылымдарының кандидаты, Алма жемгем 1970 жылы ғылым кандидаты атанды.

Ағам СОКП мүшесі, институттың Ғылыми Кеңесінің мүшесі, партокм мүшесі болып көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды. Сонымен бірге өзінің туған ауылының және мектебінің көркеюіне үлкен үлес қосты. Ұстаздық еткен жылдары ішінде ол педагогикалық институттың, қаланың, облыстың көлеміндегі мәдени-ағарту, әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды. «Сыр сұлуы» әнби ансамблінің құлаш жаюына атсалысты. Бір кезде жабылып қалу қаупі төнген қазақ тілі мен әдебиеті бойынша сақтап қалуда көп еңбек сіңірді. Осы кезде дейін талай мамандар шығарған «Бастауыш білім беру педагогикасы мен методикасы» факультетін ашуда оның тікелей үлесі бар екенін ел біледі.

Оның өнегелі тәлім-тәрбиесі, әкелік өсиетін тыңдап өскен көптеген шәкірттері бүгінде еліміздің түпкір-түпкірінде қызмет атқарып жүр, көптеген жасты ғылым жолына қанаттандырды. Олар: филология ғылымдарының докторлары:

Ж.Сәдуақасұлы, Б.Кәрібозұлы, Т.Тебегенов, З.Ерназарова, Қ.Есенова, ғылым кандидаттары: Ү.Жанберішова, С.Тайманова, А.Ангбаева, Б.Борайбай, У.Асанова, жазушы Т.Нұрмағамбетов, сынып Б.Сарбалаев және т.б.

Ол 1965 жылы Қазақстан ҒА Тіл білімі институты мен М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының біріккен ғылыми Кеңесінде Қарақалпақ Автономиялық Республикасы аумағындағы ауылдағы қазақ говорлары негізінде кандидаттық диссертация қорғады, қазақ тілінің проблемаларына және қазақ халқы тілінің ерекшеліктеріне (диалектология) арнап жетпіске тарта ғылыми мақала жазып, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабаршысына және «Советская тюркология» ғылыми журналына жариялады, сонымен бірге халықаралық тіл мәселелеріне қатысты болған бірнеше симпозиумдарға қатысып баяндама жасады. (Алматы, Ташкент, Уфа, Қазан). Оның көптеген ғылыми еңбектері жеке кітап болып жарық көрді. Олар: «Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері». Алматы: «Мектеп» баспасы, 1981ж., «Сравнительная морфология тюркских языков». Алматы: Минпрос, Республиканың методич. кабинеті, 1984 г., С.Омарбековпен бірлесіп жазған «Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі». Алматы: «Мектеп» баспасы, 1985 жыл.

Ғылыми-педагогтік қызметі үшін В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты «За доблестный труд» медальдарымен, «Қазақ ССР Халыққа Білім беру орданы» және «Қазақ ССР Халыққа Білім беру орданы» төсбелгілерімен, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі және Жоғары оқу орындары кәсіпқандар комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталған Нұр-ағам ерте бақылық сапарға аттанбағанда талай марапатты алары да, талай сүбелі ғылыми еңбектерді өмірге әкелері де анық еді.

Нұр-ағам аты үлкен әріптестермен жазылар педагог болатын, оның талапшылығы, еске деген көзқарасы сол педагогтың бастау алатын. Ол студенттерді сынап көретін, шәкіртінің неге бейімділігін, бойында қандай қабілеті барын зерттейтін, мен білерде ол еш жаңға шамасынан артық жүктеме жасамайтын.

Мен студент болған кезде де, кейін оқытушы болған тұсымда да ретсіз көмек жасамайтын, алайда мен оның мені сырттан бақылап отыратынын сезетін. Студент кезімде аға менің бір сабағым да араласқан емес, жемгемді де араластырмаған емес. Сөйтсем ол мені арқа



сүйеп дәлденіп кетуден, ғылым мен қажетті білім жинай алмай қалу қаупінен сақтандырығаны екен. Иә, ол мені осылай шырдаған екен, осылай тәрбиелеген екен. Сессияның соңында «Кәне, Алтынжан, зәчетқаңды әжел, көрейік» дейтін. Сынақ кітапшасындағы үздік бағаларды көріп сал жымиятын, бұл ағамның мейіріліні отырағаны болатын. Өңінде мақтанш сезімі ойнап, даусын соза «Ма-ла-дец!» дейтін, көзінен төгілген нұр менің тұла бойымды аралап кететін.

Қызметке келген кезімде де осы жағдай сол қалпында қалды. Үнемі ақылға айтып, «Біреудің қамқорлығында болған адамнан ұстаз шықпайды. Әр ұстаз өз жолын іздеуі тиіс, әр ұстаздың білім берудегі өз әдісі болады. Әр ұстаз өз беделін қалыптастырады», – дейтін. Мен осы үлкен шығуға тырыстым. Біраз жыл факультет, кафедра басқардым, бірақ негізгі ұстанымым сол Нұр-ағам айтқан пікір болатын. Бір күрделі мәселе кездескенде құбырлап ағамның дауысы құлағым келеді. Сол дауыс менің бағытымын дұрыс екенін көрсететін, сол дауыс мені қанаттандыратын.

Ағам мені оқу үдерісін қалай жүргізу керектігіне де баулыды. Біраз жыл факультет деканының орынбасары болдым. 1978 жылдан бастап 6 жыл декан міндетін атқарушы, сонан соң факультет деканы болдым. Бұл жұмыста да Нұр-ағам бағытымен жүрдім. Декан орынбасары болып жүргенде бір анағарным ісәсарда, демалыста жүрсе де, ағамның бар назары факультеттің тіршілігінде екенін байқайтынмын. Ол өз ұжымның жанашыры болып қана қойған жоқ, бүкіл тұмырын соған арнады. Кейде «Мен жұмыста болайын, не қамандурыққа болайын, Алтынжаным жұмысты сол қалпында жүргізеді, риза болып рахаттанып қалдым», – дейтін. Мен үшін марапатты ең үлкен осы сөз болатын.

Аға туралы, оның ел алдындағы еңбегі туралы көп жазылды. Мен оларды қайталаудан аулақпын. Осы шағын естелікке Нұр-ағамның тек менің ғана өміріме емес, Қызылорда педагогикалық институтында оқыған мыңдаған азаматтың өмірінде бағыт алап бағдаршам, маяк болғанын айтуды мақсат еттім.

Кейде күн көзінен төгілген жан жалыратар шұқтардың арғы жағында менің Нұр-ағам тұрғандай көрінеді маған.

**Алтынбек ЕРНАЗАРОВ,**  
**Қорқыт ата атындағы КМУ профессоры.**

ТӨРТ ҒАСЫР ТӨРІНДЕГІ  
ҚОЖАМСҮГІР ҚҰРМЕТІ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ата-баба рухын құрметтеуге қатысты сауапты істердің де қатары арта түсті.

## Dүйсенбек АЯШУ.Ұ.

Өткен бейсенбі күні «Оқшы ата» әулиелер кешенінде Қожамсүгір бабаға қойылған ескерткіш-белгі мен қайта тұрғызылған Есабей ата кесенесінің ашылу шарасы болды, ас берілді.

Самаркандың көк тасы мен Атыраудың ақ тасына қаланған ескерткіш пен кесене «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күрежолының бойынан бой көтерді. Олардың айналасына адам тынығып аялдайтын орындар қойылып, әділет сөздер жазылатын стелалар орнатылған.

Екі мың адам қатысқан жиынның алғашқысында Шиели ауданының әкімі Өшім Оразбекұлы шараның мәніне тоқталды. Бұл іске аудан әкімдігінің жер бөліп, көмек қолын созығаны айты.

– Шиели өңірі ұлы батырлар мен ірі әулиелер мекені. «Өрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртұар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп осуте тиіс», – деген болатын Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі істің ұрпаққа берер тәрбиесі зор.

«Оқшы ата» кешені келешекте туристер түсетін абағандырылған көрікті орынға айналады. Бұл игілік – соның басы, – деді аудан басшысы.

Сонымен бірге шара барысында қоғам қайраткерлері – Абдулла Әбенов, Амангелді Құдайбергенов, Мұхиддин Исмаилов, Махмұт Нәлібаев секілді азаматтар сөз сөyledi.

Ақын Кеңжебай Жүнісов жыр-арнау толғады. Тарихшы Өтеген Әбдіраманов пен ардагер Нәметжан Бөйменов бабалар баянына тоқталып, осы сауапты істің басы-қасында болғандарға алғыс білдірді.

17-ші ғасырдың басында өмір сүрген

Қожамсүгір бабамыз – жауда батыр, дауда шешен, кеңесте көсем болған кісі, дін әлемінде есімді қадірлі Есабей ағамның әкесі. Жас кезінде білім іздеп, араб еліне барған. Оның бойындағы ерекше қасиеттерді тзып алған Мекке халффы Әбдішүкір оған өзінің құзырын қосқан. Елге келіп, ағартушылықпен айналысқан бабамыз Жаңақорғандағы Қорасан ата қорымына жерленген.

Қүрежол бойынан ескерткіш-белгі соғылып, жамбасы тиген жерден топырақ әкелінуі жер шалғайлығына орай ұрпағының дұға жолдап отыруын оңайлатуға да сеп болды.

Ел-жұрт куә болған осы сауапты іске Қызылорда қаласының құрметті азаматы Әбдіқабұл Жанұзақов – 2,2 млн, белгілі кәсіпкер Рабибі Нұржанова – 3,5 млн, 1 жылқы, кәсіпкер-меценат Айдарбек Сейітмұратов – 2 млн, кәсіпкер Сағитжан Алтынбеков 1 млн теңге қаражат қосқан. Ал, Есабей әулиенің кесенесін қайта тұрғызу бақытжан мен Бауыржан Асқаровтардың демеушілігімен іске асты.

Көз тартқан ескерткіш пен кесене Қазақстанның құрметті құрылысшысы Марат Қожабековтің архитектуралық жобасымен салынған. Жалпы, осы ортақ істен бабадан тарағандардың шет қалғаны жоқ.

Кесене мен ескерткіш-белгі құрылысына енебек сіңірген азаматтарды «Нұр Отан» партиясы Шиели аудандық филиалының төрайымы Фатима Маханбет «Шиели ауданына 90 жылы» мерекелік медальмен марапаттап, жазушы-журналист Жүзбай Танұрбаев ел ағаларына шапан жапты.

Аста «Сырлария-Ақмешіт» мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов аталар рухына құран бағыштады.



**Жиырмамыңшы ғасырдың басында Кеңес үкіметі орнағаннан кейін құрылып, небір әлеуметтік, саяси дүрбелеңге толы кезеңдерді басынан өткізген комсомолға биыл 100 жыл толды.**

29 қазанда жас жұмысшылар мен шаруалардың I съезінде құрылған комсомол ұйымының РКСМ Орталық комитеті сайланды. Содан бері бұл ұйым мүшелері қилы-қилы күрделі кезеңдердің бел ортасында болды, елдің тарихымен біте қайнасты. Азамат соғысы, сауатсыздықпен күрес, қараусыз қалған жетім балаларды балалар үйіне, интернатқа орналастыру істеріне араласып, жастар жанкештілікпен жұмыс жасады.

**Азамат соғысы жылдарындағы көрсеткен ерлігі үшін комсомол ұйымы 1928 жылы 20 ақпанда «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Одан кейінгі жылдары социалистік қоғамды орнықтыру, зауыт, фабрикалар салу, жұмысшы кадрларды өсіру, социалистік жарысты өрістетуге, тағы басқа кезек күттірмейтін бағыттарды жүзеге асырғаны үшін 1931 жылы 21 қаңтарда ВЛКСМ «Еңбек Қызыл Ту» орденін алды. Ұлы Отан соғысындағы Отан қорғауға қатысқан комсомол мүшелерінің ерлігі үшін 1945 жылы 14 маусымда бірінші «Ленин» орденімен марапатталды. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі еңбегі үшін ВЛКСМ 1948 жылы 28 қазанда екінші мәрте «Ленин» орденін иеленді.**

1954 жылы Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру басталып, Совет Одағының түкпір-түкпірінен жастар комсомолдық жолдамамен келе бастады, жаңа елді мекендер ұйымдастырылды. Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін 1956 жылы 5 қарашада үшінші «Ленин» орденімен марапатталды.

1968 жылы Ленин комсомолының 50 жылдық мерейтойына байланысты «Октябрь Революциясы» ордені берілді. Міне, осы аталған марапаттардың өзі комсомолдың жүріп өткен ерлік пен данқа толы жолының айқын айғағы.

Қазақстанда бірінші комсомол ұйымдары 1918-1920 жылдарда Алматы, Орал, Перовск, Арал, Ақтөбе, Әулие

кеткен тарихи кезеңдермен тығыз байланысты. Осы кезеңдегі облыс жастары да барлық кезеңде елмен бірге болып, ертен үшін жанқиярлықпен еңбек етті.

Аймақтағы комсомол ұйымдары-

1938-1991 жылдар арасында облыстық комсомол комитетінің 21 азамат басқарған екен. Солардың ішінде кейін Қызылорда облысын басқарған Исатай Әбдікәрімов, Ыдырыс Қалиев, Сейілбек Шаухаманов

жарқын жетістіктерін жеткізу үшін ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізудеміз.

Комсомолдың 100 жылдығына байланысты облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі арнайы

зиденті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында өткен тарихымызды саралап, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртқы, келешекке қадам басу мүмкін еместігі ашып айтылған. Сондықтан да біз ізденіп, ақыл-ой елегінен өткізіп, кешегі жастардың озық үрдістерін насихаттау керек деп есептейміз.

Ел азаттығы, жер тұтастығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрескен аға ұрпақтың өкілдері, сол кезеңдердегі комсомол-жастар тарыққанды демеді, жабыққанды жебеді, жақсылыққа жетеледі.

Бір ғасырлық тарихын атап өтіп отырған комсомол-жастар қозғалысының басты ерекшеліктері қайсарлық пен қайрат, намыс пен жігер, білім пен ақыл, шешендік пен көсемдік, алғырлық пен тұрақтылық, қарпайымдылық пен қайырымдылық, ізденімпаздық пен шыдамдылық болды. Бүгінгі жас ұрпақ осы асыл қасиеттерді аманат ретінде қабылдаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Бүгінгі қоғамда жастар мәселесіне басты назар аударылууда. Осы бағыттағы мемлекеттік органдар бар. Одан бөлек, біздің облыстың өзінде жастармен жұмыс істейтін елуден астам ҰЕҰ тіркеуден өткен. Облыс мектептерінде мыңдаған мүшесі бар «Жас ұлан» ұйымдары жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта жастардың алдына қойылған міндеттер қай кезеңде де күрделі. Бүгінгі жастар міндеті – жаңа заманғы білім мен ғылымды оқып үйрену, жаңа технологияны игеру, орта және кіші кәсіпкерлікпен айналысу, үш тілді меңгеру, цифрландыру жүйесін меңгеру, бір сөзбен айтқанда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен озық үрдістерге бейімделу. Жақында жарияланған «Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайының өзгеруі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында Елбасы жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуда тиістігін айтып, жастардың барлық сапаны қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сағынды ақымды платформасын қалыптастыру керектігін тапсырды. Келер жыл «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынды.

Бұл – жастардың білім алуына, жұмыспен қамтылуына, кіші және орта кәсіпкерлікпен айналысуына басты назар аударыла деген сөз. Бұл ретте биылғы өтіп отырған комсомолдың 100 жылдығына байланысты өткізілген тәрбиелік маңызды бар шаралар, жүргізілген зерттеулер, бұрынғы жастар тәжірибесі қазіргі буына үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз.

**Алмағұл БОЖАНОВА,**  
облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа»  
қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

ата, Семей қалаларында жұмыс істей бастады.

1920 жылдың маусымында РКСМ Орталық комитетінің қазақ бюросы құрылды. Бірінші басшылары Сергей Далин, Николай Блудай, Смағұл Сәдуақасов болды. 1921 жылы РКСМ-ның бүкілқазақстандық конференциясы өтіп, барлық жерлерде комсомол ячейкалары жұмыс істей бастады. Қазақстандағы комсомол ұйымдарының бірінші ұйымдастырушылары Ғани Мұратбаев болса, көп ұзамай оның жолын Серікқали Жақыпов, Мирасбек Төлепов, Федор Рузаев, Қайсар Тәштитов, Алма Оразбаева, Ибат Игенов, Николай Алексеев, Салық Нұрпейісовтер жалғайды. Қазақстан комсомол жастары аштықпен, сауатсыздықпен күрес, панасыздарды орналастыру, пионерлер қозғалысын ұйымдастыру, балалар үйлерін ашу секілді істердің басында тұрды.

Ұлы Отан соғысында Отан қорғауда 1 млн 200 000 қазақстандық аттанды, оның жарты миллионы соғыста қаза тапты. 503 қазақстандық Совет Одағының Батыры атағын алды, соның 94%-і комсомолдар еді. Мыңға жуық қазақстандық комсомол Сталинградты қалпына келтіру ісіне үлес қосты. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру нағыз еңбек майданына айналды. Ірі өндірістік кешендер пайда болды. Павлодар алюминий, трактор зауыттары, Қарағандыдағы машина жасау зауыты, басқа да ірі өндіріс орындарында ел жастарының қолтаңбасы қалды. Өндіріс орны демекші, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1969-1971 жылдары Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.

1950-1980 жылдар аралығында Қазақстан комсомолының Николай Дыхнов, Сағындық Кенжебаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Зақаш Камалиденов, Қуаныш Сұлтанов, Иманғали Тасмағамбетовтер басқарды.

Сыр бойы комсомол-жастар қозғалысының шежіресі жоғарыда айтылып

ның бастамасымен Жақаевшылар қозғалысы өрістеп, дала академия атанған екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаевтың шақыруына үн қосқан сырбойылық жастар даладан дән баптаған дикандар қатарын толықтырды. Еселі еңбек, төккен тер, маңдай тер, табан ег оларды абыройға бөледі. Қаншама күршіші, механизатор комсомол-жастар абырой білігіне көтерілді. Социалистік Еңбек ерлері Арапбек Әбиев, Балдырған Мұстафаева, Жадыра Тасмағамбетова, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Бексұлу Синаева, Құлш Әсімова, Райқұл Жалғасбаева, СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Айнаш Балғабаева, Баян Құттыбаева, атакты механизаторлар, «Ленин» орденді Рысты Өкшебаева, бүкілодақтық жер жыртушылар конкурсының жеңімпазы Гүлсара Қуандықова, жанақорғандық Айша Наубаева, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары Әзия Қыстаубаева, Абылай Сейтенов, Лияс Мұсаев, Бағлан Әшірбековтер қатарларына үлгі болды. Сол кездері ұйымдастырылған «Сыр сұлуы» ансамблінің атағы республика көлемінен асып, шетелдерге танылды. Облыстық комсомол комитетінде бүкілодақтық комсомолдық екіпінді құрылыс штабы құрылып, инженерлік жүйеге келтірілген жерлер игеріліп, ғылыми-агротехникалық талаптарға сай күршіткі алқаптар ауыспалы егіс танаптарына орналастырылды, осы бағыттағы жұмыстарға көптеген комсомол мүшелері жіберілді. Студенттік құрылыс отрядтары қозғалысы кең қолдау тауып, облыстағы көптеген әлеуметтік, өндірістік нысандар іске қосылды. Облыс комсомол жастарының білім, денсаулық, спорт, әдебиет пен өнер, халыққа мәдени қызмет көрсету, салаларындағы жетістіктері мен ғылымдағы ашқан жаңалықтары облыс тарихында өшпес із қалдырған игілікті істер, осылардың бәрі біздің бүгінгі дамуымыздың іргетасын, негізін қалаған жанкешті еңбек, ізденіс, келешекке өшпес мұра.



сияқты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері бар. Аймақ комсомол-жастар қозғалысының тарихында 1963-1971 жылдары облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған Абылай Айдосовтың есімі алтын әріппен жазылып қалды. Абылай Хангерейұлы жоғарыда жастардың жарқын істерінің ұйымдастырушысы да, бағыттаушысы да, көшбасшысы да бола білді. Облыстық комсомол комитетінің кейінгі кезеңдерде басқарған бірінші хатшылар О.Сәпиев, А.Құдайбергенов, А.Бапалақов, Г.Алтынбекова, М.Есенөвтердің облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында елеулі орындары бар.

Комсомол жұмысынан тәрбиеленіп, облыстың, қаланың, аудандардың басшылығына дейін көтерілген қоғам қайраткерлері Қаһарман Табынбаев, Самит Далдабаев, Ығылшан Қанопов, Ибрагим Әбубайлаев, Әбділғапар Әміргалиев, Шокизат Төребаевтардың еңбектері елеулі, бұл азаматтар әлі күнге дейін жас ұрпаққа өмір тәжірибелерін үйретуден жалыққан емес. Комсомолдың 100 жылдық мерейлі мерекесінде барлық аудандарда, елді мекендерде кездесулер өткізіп, аға ұрпақтың жалынды жастығының

бағдарлама қабылдап, облыс, қала аудандары бойынша комсомол ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырып, еріктілер арқылы зерттеулер жүргізіп, бұрын белгісіз болып, ұмытылып қалған жаңа есімдерді тауып, олардың өмірбаяндары, атқарған қызметтері туралы мәліметтер жинады.

Жалынды жастар ұйымының 100 жылдығы барлық облыстарда аталып отырады, осыған байланысты арнайы штаб құрылып, оның құрамында бұрынғы республика комсомол органдарын басқарған азаматтар енді. Республикадағы комсомол ардагерлерінің кездесуі Алматыда өтті, енді Мәскеуде ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралардың мазмұны мен мақсаты тереңде жатыр. Осындай ауқымды шараларды өткізу арқылы тарихты жаңғыртып, рухани жанаруға, сананы өмір талабына сай өзгертуге ықпал ету.

Комсомол органдарында басшылық жоғарыдан төменге қарай жасалатын, тапсырмалар орталық, облыстық комсомол комитеттерінен келетін, төменгі ұйымдар орындайтын. Бірақ мұның бәрі қатып қалған догма емес еді, егер төменгі буын комсомол ұйымдарынан озат тәжірибе, тың бастама көтеріліп жатса, үнемі қолдау тауып отыратын.

Сондықтан аудандық деңгейде жұмыс атқарған біздер Қазақстан ЛКСМ Орталық комитеті мен облыстық ортада жұмыс істейтін көптеген комсомол қайраткерлерімен араласатынбыз. Кейде қай нәрсені де тарихтағы орнын ұмытып, оған біржақты баға беріп жатамыз. Қазір комсомолға деген осындай көзқарас байқалауда. Әрине, комсомол ұйымдарының жұмысында да кемшіліктер болғанын мойындауымыз керек, бірақ жетістік пен олықтылық таразылағанда жақсылығы барлық жағынан басым екендігі анық. Қазақстан Республикасы Пре-

## Кәсіби мереке

# КЕРЕГЕМ – КЕШЕДЕН, БЕРЕКЕМ – БҮГІННЕН

**Биыл ел жүрегі Астананың – 20, Сырдың бас шаһары – Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойлары қатар келді. Қызылордалықтарды 200 жылдық мерейтоймен Мемлекет басшысы құттықтап, хат жолдады.**

Сұлу Сырдың бойында орналасқан әсем қала – Қызылорда күн санап құлпырып келеді. Елбасының өзі «Алаштың анасы» деп атаған аймақтың бас қаласын сырбойылықтар мақтан етеді. Өйткені, Қызылорда – тек облыс орталығы ғана емес, сондай-ақ, ғылым мен білімнің ошағы, әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, жеті ауданды тоғыстырған құретамыр.

Сүйікті қаламыздың 200 жылдығы қарсаңында қала көшелері кеңейіп, жарықтандырылып, сымбаты артқан гүлзарлармен көмкерілді. Ұлттық нақышпен әдіптелген оюлар, тіпті, жағап. Әсіресе, әр жерге қойылған бағзы замандардың бейнесін елестететін ескерткіштер өткен күндерден сыр шертіп тұрғандай. Иә, бұл – біздің Қызылорда. Жанарған, жасарған, ерекше келіппен жасанған. Қала мерекесі Тасбөгеттің 70 жылдығынан бастау алып, кент тұрғындары думанды дүбірдің күәсі болды. Мерейтой аясында әдеби-мәдени, спорттық шаралар мен түрлі фестивальдар өткізілді. Жырсуейер қауым үшін ақындар айтысы ұйымдастырылды. Халық құмарта тамашалайтын ат бәйгесі мен түйе палуандар күресі де көпшілік делебесін қоздырды. Аудандар тарту жасап, қала тұрғындары үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі ұйымдастырылды. Қызылорданың мерейтойына орай түрлі бағытта 40-қа жуық мәдени шара өткізілді.



Қызылорда қаласы әкімдігінде ардақты тұлғаларымызды ұлықтау, құрмет көрсету мақсатында шаралар өтті. Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймағымыздың абыройлы ақсақалдарын мерейтойларымен құттықтады.

Мереке аясында Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бой көтеріп келе жатқан жаңа қаладан «Рухани жаңғыру» орталығы ашылды. Осы шараға Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіхалықова қатысты. Сонымен қатар, Н.Бексенов атындағы қазақ музыкалық драма театрында салтанатты жиын өтті. Айтуды мерейтойға арналған шаралар эстрада жұлдыздарының қатысуымен орталық алаңдағы гала-концертке ұласты.

Осындай ауқымды іс-шаралардан біздің мектебіміз де тыс қалмады. Мектебіміз мерекелік безендіріліп, сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Дене шынықтыру пән бірлестігі «Жаса, жайна, Қызылорда!» спорттық сайыс ұйымдастырды. «Тіл – татулық тірегі» деген атпен тіл мамандарының слеті өткізілді. Мерекеге бастауыш сыныптар арасында сурет көрмесі, оқушылардың өлең-жыр сайысы мен мектеп сахнасындағы концерт көрік бере түсті. «Туған қалама – ағаш сыйла» акциясы жасалды. Бастауыш сынып оқушылары қала тарихымен таныстыру мақсатында мұражайларға, рәміздер алаңына саяхат жасады. Мұндай шаралар қала мектептерінің барлығында да ұйымдастырылып жатты.

Осылайша, туған қаламыздың тойы халықтың рухын көтеріп, өткенімізге тағзым еткізіп, жеткенімізге шаттандырды. Бұл тойдың ұрпаққа үлгі естерлік ұлағатты, ізгілікті іс болғаны анық.

**Айжан ҚАЮПОВА,**  
№197 Ә.Құдабаев атындағы мектеп мұғалімі.

## ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫ – АСТАНАМ!

*Қашаннан-ақ қазақ деген атым бар,  
Асылдардан жаратылған затым бар.  
Тәуелсіздік туы тұрса жесіріп,  
Туған елің жырламай ма ақыңдар.*

*Біз әрқашан қазақ болып қаламыз,  
Алдымызда Нұрсұлтандай данамыз.  
Мәңгілік ел сапарына бастады,  
Салт-дәстүрін сақтап келген санамыз.*

*Абыройым шырқап салар асқақ ән,  
Бедөлім де төмен емес басқадан.  
Бар әлемнің басын қосты бүгінде,  
Татулыққа тұғыр болған Астанам!*

*Қараңызшы, нұр түсіп тұр төрімнен,  
Далам дархан, көңілім тоқ, кең іргем.  
Елбасымың саясаты емес пе,  
Күндей болып, сәуле шашып төгілген.*

## ЖАЛАҒАШ – ТУҒАН МЕКЕНІМ

*Қасиетті топырақтан жаралғанмын,  
Киелі Сыр бойынан нұр аламын.  
Думандатып дос-құрбы қатарыммен,  
Құстай түлеп, қанатымды таранғанмын.*

*Болса да ұмыраағы көші келте,  
Жақсылар үлгі берді қасына ерте.  
Жаныма байлық сыйлап, сәуле сепкен,  
Жалағаш – бақыт қонаған асыл өлке.*

*Жалағаш – аркеңі өскен құтты мекен,  
Ұл-қызғы атын әлемге әйгілі еткен.  
Тәңірдің көзі түсіп бұл өлкеге,  
Жерінің асты-үстіне байлық еткен.*

*Сыртта жүрсем, лезде сағынамын,  
Жалағаш, жалғыз сен анасың жан ұраным.  
Жер бетінде көң дейтін жемік мекен,  
Таба алмасам ондай жер неғыламын.*

*Бейнеңнен айналайын күй тараған,  
Сүйемсе сүйем сені құяқ адам.  
Онаиды күндан да ауыр көрем,  
Ауаң – бақ, топырағың шипа маған.*

*Назды сыр, жаңға дауа зіннің елі,  
Сенде ғана күн жайнап, таң күледі.  
Басқа өлкенің бір-ақ күн тұрғынымын,  
Саған байлап тастаған мәңгі мені.*

**Сәбет ДӘРІБАЕВ,**  
КСРО және Қазақстан Республикасы  
«Денсаулық сақтау жүйесі үздігі».

## Dóңgelek ústel

## БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ ТӘРТІБІ БАР

Қазақ «Бала – бауыр етің» деп бекер айтпаған. Отбасын құрғаннан кейін әрбір жас балалы болуды армандайды. Өкініштісі, соңғы кездері бұл бақыт барлығына бірдей бұйырмай жүр. Сондықтан тиісті орындардан бала асырап алуға бекінеді. Оның өзіндік тәртібі бар. Осы орайда облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығының ұйымдастыруымен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Бала асырап алу тәртібі, талаптары және құқықтық рәсімдері» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Оған мемлекеттік қызметшілер, ҰЕҰ, барлық санаттағы әлеуметтік топтар, бала асырап алуға ниетті үміткерлер, патронат ата-аналар, психолог, заңгер және дәрігер мамандар қатысты.

Сара АДАЙБАЕВА.

Жиында қалалық білім бөлімінің бөлім басшысы Гүлмира Ақжігіт бала асырап алудың тәртібі мен құқықтары жайлы кеңінен айтып берді. Алдымен бала асырап алуға тілек білдірген жазбаша өтініш керек екен. Сол өтініш арқылы қажетті құжаттар тізімін жинақтайды. Құжаттар тапсырылғаннан кейін білім бөлімінің маманы бала асырап алуға ниетті жаннның үйіне барып, зерттеу жүргізеді. Одан әрі бала мен ата-аналар

екі апта араласып, сот шешімі шыққаннан кейін баланы отбасына ала алады. Жалпы, ата-аналар асырап алатын балалары туралы мәліметті республикалық деректер базасынан қарайды.

Қызылорда АХАТ бөлімінің бас маманы Әсия Жорғабасова атқаратын негізгі қызметтеріне тоқталды. Ал, облыстық мамандандырылған «Сәби үйінің» заңгері Күләш Шонаева орталыққа қабылдаудың тәртібі туралы айтты. «Сәби үйі» 60 төсекке арналған. Бас тарту



арызы мен тастанды балалар туралы мәлімет 3 күн ішінде республикалық деректер қорына жүктеледі. Маманның айтуынша, 2016-2017 жылдармен салыстырғанда, қазіргі таңда бала асырап алу азайған. Мәселен, жыл басынан бері екі бала асырап алына, біреуі қамқоршылыққа, 1 бала патронаттыққа және 1 бала интернат

үйіне орналастырылған. Қазіргі таңда 50 бала «Сәби үйінде» тәрбиеленіп жатыр.

Одан соң «Жанұя» бала асырап алуға қолдау көрсету орталығының маманы Фарид Рахметова атқаратын қызметтері жайында әңгімеледі. Осыдан 2 жыл бұрын жұмысын бастаған орталық бала асырап аламын деген әрбір ата-анаға қолдау

білдіріп, арнайы оқытады. Орталықтың психолог маманы Зарина Бейсекванның айтуынша, орталықта бала асырап алудың негізгі қағидаттары, педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік тұрғыда бейімдеу сабақтары жүргізіледі. Бұл жерде баланың эмоционалдық көңілі, қарым-қатынасы, ата-анамен үйлесімділігі мен байланысы кеңінен талқыланады. Бұған дейін мамандар қызметіне 50 ата-ана жүгініп, дәріс алса, қазіргі кезде 20-дан астам отбасы өздерін бала асырап алуға жан-жақты дайындап жатыр.

Сонымен қатар, жиынға қатысқан ерлі-зайыптылар өздерінің ой-пікірімен бөлісті. Отасқандарына 10 жылдан асқан олар жақынды бала асырап алыпты. Бірақ отағасының айтуынша, баланы балабақшаға, емхана мен тіркеуге қою үшін қиындықтар кездескен. Осы ретте арнайы мамандар қызметіне жүгініп жатса.

Шара соңында қатысушылар сауалдарын қойып, пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын жеткізді.

## Тағзым

## СЫРБАЗ АЗАМАТ ЕДІ

Мәлікаждар Айкөпеш Қармақшы ауданы Қызылтам ауылдық кеңесінде 1932 жылы дүниеге келген. Сол ауылда білім алып, 1947-1949 жылдары Қызылорда педагогикалық училищесін оқып, бітірді.



1954 жылы облыс орталығындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін үздік дипломмен тәмамдаған. 1958-1971 жылдары – облыстық жоспарлау комиссиясы аппаратында, 1971-1975 жылдары – Қызылорда облыстық партия комитетінде, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында басқарма бастығының жоспарлау-экономика жөніндегі орынбасары, 1979-1991 жылдары – облыстық еңбек нормативтік зерттеу стансасының директоры, 1991-1999 жылдар аралығында агромеркәсіп облыстық басқармасында бөлім бастығы қызметтерін атқарды.

М.Айкөпеш шаруашылықтың кәй саласында болмасын, бар ынта-жігері мен білімін аямай еңбек етіп, халық шаруашылығының өркендеуіне өз үлесін қоса білді. Мамандығына сай Мәскеудегі екі жылдық экономикалық курсты бітірді. Жоспарлау комиссиясында қызмет атқарған кезінде 5-7 жылдық жоспарлардың авторы, облыс ауыл шаруашылығының 20 жылдық жоспарын жасауға белсенді қатысушы болып және оны республикалық мемлекеттік жоспарлау комитетінде қорғаған. 1970-1980 жылдары шаруашылықты мердігерлік әдіске, нарызсыз жұмыс істеуге көшіру кезінде белсенді жұмыс атқарды. Мердігерлік әдісті ендіру үшін ұжымшар және кеңшарлардың семинарлар ұйымдастырды. Терен-өзек кеңшарында «Мердігерлік әдісті ендіру шаралары» атты шағын кітаптың авторы. Ол шаруашылықтарда атқарылатын жұмыстар

дың технологиялық картасын нарызсыз жасау тәжірибесін ұжымшар, кеңшар және дүниеге келген. Сол ауылда білім алып, 1947-1949 жылдары Қызылорда педагогикалық училищесін оқып, бітірді. 1954 жылы облыс орталығындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін үздік дипломмен тәмамдаған. 1958-1971 жылдары – облыстық жоспарлау комиссиясы аппаратында, 1971-1975 жылдары – Қызылорда облыстық партия комитетінде, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында басқарма бастығының жоспарлау-экономика жөніндегі орынбасары, 1979-1991 жылдары – облыстық еңбек нормативтік зерттеу стансасының директоры, 1991-1999 жылдар аралығында агромеркәсіп облыстық басқармасында бөлім бастығы қызметтерін атқарды.

Оның аймақ экономикасын дамытуға қосқан еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, «В.Лениннің туғанына 100 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда жұмыс істегені үшін», «Ұлы Отан соғысының жеңісін аяқталғанына 50, 60 жыл және «Тың игерудің 50 жылдығы» медалдарымен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасы», Халық шаруашылығы көрмесінің күміс және қола медалдарымен марапатталған.

Ол зейнетке шыққаннан кейін де қоғаммен байланысын үзген жоқ. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында 2006 жылға дейін ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Мәлікаждар аға 2013 жылы 81 жасында дүниеден озды. Кезінде бірге қызметтес болған ағаның еңбегі ескеріліп, облыстық дамуына елеулі үлес қосқан еңбек адамына қандай құрмет көрсетілсе де, артық емес деп ойлаймыз. Қызылорда қаласындағы бір көшеге Мәлікаждар Айкөпештің есімі берілсе, есте қалар шаралардың бірі болар еді.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

## Says

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Медиа-Пресс» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен биылғы жылғы 2 қазанда үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді нығайту мақсатында «Тілдарын-2018» облыстық олимпиадасы өткізілді.

## «ТІЛДАРЫН-2018» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Олимпиадаға мамандығына, кәсібіне, шұғылданатын ісіне қарамастан, 18 бен 22 жас аралығындағы Арал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Жалағаш аудандары және Қызылорда қаласындағы жалпы орта білім беру ұйымдарынан, жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан, барлығы 10 талапкер қатысты.

Олимпиадаға қатысушылар үш кезеңнен өтті. Қатысушылардың біліктілігі мен қабілетін Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың мемлекеттік қызмет ұсынағын ұйымдардың қызметкерлері, студенттер, оқушылар, т.б.) қатыса алады.

Қатысушылар белгіленген орынға қаламсаптарын алып келеді. Диктант арнайы әзірленген парақта жазылады. Арнайы белгіленген орындарға келіп қатыса алмайтын тұлғалар диктантты emle.kz, tilalemi.kz сайттарының басты бетінде орналасқан сілтемені компьютер немесе ұялы телефон (смартфон) арқылы кіріп, белгіленген уақытта диктант аудиосын тыңдай отырып жаза алады.

Диктантты сканерлеу немесе фотоға түсіру арқылы kztlibas@mail.ru электронды поштасына жолдауы қажет.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефоны: 8/7242/60-53-15.

«СБ» ақпарат.

## Құрметті қызылордалықтар!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Сәуле Мұханбетдиновты Айтпаева желтоқсан айының бірінші онкүндігінде азаматтарды қоғамдық қабылдау өткізуді жоспарлауда.

Сонымен қатар, өтініш, шағымдарыңызды 15 қарашаға дейін 8 (7172) 74-25-28, 74-23-54, 74-73-29 телефондарына жолдауларыңызға болатынын хабарлайды.

## Ququq

## САЛАНЫ ЖЕТІЛДІРЕТІН ЖЕТІ ЖОБА

Жақында Жоғарғы Сотта «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасы әзірленіп, онда дамуың жеті басым бағдарламасы шогырландырылды. Аталған жоба салада іс жүргізуді толық цифрландыру, судьялардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, халықтың сот жүйесіне деген сенімін жетілдіруді көздейді.

Шынар БЕКБАН.

Бүгінде «Сот төрелігінің жеті түйіні» аясында «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процес», «Е-COT», «Онғайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» секілді жобалар қарқын алып, саланың қарыштап дамуына сеітпін тигізуде.

Жоба аясында дауларды шешудің баламалы тәсілдерін жетілдіру, құқық бұзушылықтың алдын алып, онғайлы орта қалыптастыру мақсатында дауларды соттан тыс шешу құралдарын дамытып, сотсыз татуласуға бағытталған іс-шаралар жоспары жасалады.

Е-COT халық пен сот қызметкерлерінің ІТ қызметін толық пайдалануына жағдай туғызады. Ол үшін ІТ саласында жаңа трендтер, қарапайым және қолайлы электрондық сервистер жасалады. Нәтижесінде судьялар жұмысы жеңілден, сотқа жүгінушілер әуре-сарсаны азаяды. «Онғайлы орта» бағдарламасы қоғам мен

соттар арасында тиімді қарым-қатынасты орнатуға арналған.

Облыстық сот пен «Бітім» медиация орталығы арасында жасалған өзара ынтымақтастық меморандумы аясында 18 азамат медиация орталығында жалпы курсынан өтіп, сертификаттар алған. Олар қазір аудандық соттарда ашылған медиатор кабинеттерінде, құқықтық қызмет көрсету орталықтарында халыққа қызмет көрсетуде.

Электронды қылмыстық іс дегеніміз – қылмыстық іске қатысты барлық деректерді сақтайтын ақпараттық жүйе. Бастысы, қылмыстық істі жүргізетін органдардың электронды жүйесінен бастап барлық жүйенің интеграциясын жүргізу керек. Оның мәні – сотқа дейінгі тергеуге қатысты барлық мәліметтер электронды түрде толтырылып, прокурорға жіберіліп, прокурор арқылы электронды түрде сотқа түседі. Іс үрдісіне қатысушы

қорғаушы немесе адвокат істің дамуын онлайн режимінде бақылай алады.

Электронды қылмыстық істі жүргізудегі басты мақсат – қылмыстық сот ісін жүргізуге сандық технологияларды енгізу, оның айқындығын арттыру, қылмыстық процестің мерзімін қысқарту.

Электронды қылмыстық іс уақытты, адам ресурстарын және бюджет қаражаттарын үнемдейді және ең бастысы, қылмыстық процесе қатысушылардың құқықтарын және мүдделерін қатаң сақтайды. Сондай-ақ, қосымша қаржыны талап етпейді. Керісінше экономикалық үнемділік тұрғысынан қарағанда артықшылығы мол. Бұрын қылмыстық іс қағаз форматында жүргізілетіндіктен, оған кететін шығын көп болды.

Биыл 7 қыркүйек күні «Үлгілі сот» жобасын іске асыру шеңберінде жоғарыда аталған сектор кеңейтіліп, фронт-офис ретінде қайта құрылды.

Осы жылы 14 қыркүйекте «Судья көмекшісі» пилоттық жобасын іске асыру туралы ереже бекіті. Пилоттық жобаға қатысушылар ретінде қалалық сот пен мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты белгіленді. Осылайша қалалық сот төрағасының өкімімен 3 судьяға, облыстық мамандандырылған

ауданаралық экономикалық соты төрағасы міндетін атқарушының өкімімен 2 судьяға судья көмекшілері бекітілді. Бүгінгі таңда судья көмекшілері өз жұмысын бастап кетті.

Мұнан бөлек, Қызылорда қаласының мамандандырылған өкімшілігі сотында «Виртуалды сот» қызметі іске қосылды. Бұл – бұқара үшін тиімді, әрі қолжетімді. Себебі, сот процесіне келуге мүмкіндігі болмаған адам ұялы байланыс телефоны немесе басқа гаджеттер арқылы қатыса алады. Бүгінде әлемді тетік арқылы басқаратын деңгейге келе жатырмыз. Сондықтан бұл өзгешелікті мүмкіндігінше пайдаланғанымыз абзал.

Сондай-ақ, өкімшілік сотта мұнан өзге «Түнгі сот» пилоттық жобасы іске асырылды. Биылғы 9 айда «Түнгі сот» жобасы бойынша 18 өкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Құқық бұзушы сот процесі тағайындалған уақытта жұмыста болуына байланысты, өкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жұмыс уақытынан кейін қарау жөнінде өтініш білдіре алады. Аталған өкімшілік істер жұмыстан кейінгі уақытта тағайындалып, құқық бұзушылардың қатысуымен қаралады. «Түнгі соттар» пилоттық жобасы қазіргі қоғамның сұранысына дөп келіп тұр.

## Shara

## ЕРІКТІЛЕРІМЕН ЕРКІН КЕЗДЕСУ

Жуырда техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мамандары «Жас Отан» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының жанынан құрылған «Жас патриот» еріктілерімен кездесті. Жыныға облыстық «Жас Отан» ЖҚ төрағасы Т.Тілес, облыстық ішкі саясат басқармасының мамандары, мемлекеттік стандарттар басқармасының инспекторлары және ерікті топ мүшелері қатысты.

Кездесу барысында департамент мамандары «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңындағы нормативтік құқықтық актілер жайлы түсіндірме жасады. Сонымен қатар, ҚР СТ 988-2007 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы. Жалпы техникалық шарттар», ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» стандарттарына тоқталып, аталған стандарттардың талаптары жайлы айтты.

Өз кезегінде «Жас патриот» еріктілері алдағы уақытта мемлекеттік рәміздердің стандарт талаптарына және орналастыру ережесіне сәйкес қолданылуын өздерінің бақылауына алатындықтарын жеткізді.

М.ОТАРАЛЫ.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Азаматтық қоғам өкілдері!

Құрметті тұрғындар!

2018 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) мен «Йолаушылар тасымалы» АҚ арасында теміржол жолаушылар көлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған болатын.

Осы келісім аясында «Адал жол» жобалық кеңесі құрылып, кенес темір жол саласында жолаушылар тасымалының тиісті жұмыс жасауы, халықтың темір жол көлігінде көрсетілетін қызметтерге

қолжетімділігін қамтамасыз ету, жолаушылар тасымалдауда жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен жою, сондай-ақ, осы саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, билетсіз жолаушылар мен қосалқы көмекшілерді анықтау бағытында жұмыстар жүргізуде.

Осыған орай, теміржол саласындағы жолаушылар тасымалына байланысты өзекті сұрақтарыңыз бен проблемалық мәселелеріңіз болған жағдайда төмендегі байланыс құралдары арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

«Адал жол» жобалық кеңесі Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі 6, тел: 8-702-447-74-02, AdalZhol.kz@gmail.com.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы»,

«Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына

хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52

телефондары арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

## Концессионерді айқындауда конкурс өткізуді хабарлау және конкурс құжаттарының көшірмесін ұсыну туралы

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 07 шілдедегі №167 заңы негізінде «Қызылорда қаласы «СІМК-70» ауданында «Құрылыс және коммуналдық шаруашылық» бағыты бойынша 200 орынға арналған жатақханасы бар 600 орынға арналған колледж» концессиялық жобасын іске асыру мақсатында концессионерді айқындауда конкурс өткізетінін хабарлайды.

1. **Жобаның мақсаты:** Қызылорда қаласындағы алдыңғы қатарлы мамандандырылған құрылыс колледжін құру және сапалы білім беру.

2. **Жобаның іске асырылу мерзімі және кезеңі:** Іске асыру мерзімі:

1. Инвестициялық кезең – жұмыс жобасына сәйкес концессионер нысанын жеке кәсіпкер 21 ай салып, мемлекет меншігіне береді.

2. Инвестициялық кезеңнен кейін Концессионер нысанын мемлекет меншігіне беріп және жеке кәсіпкер концессионер нысанына қызмет көрсетеді.

Жобаны іске асыруды бастау мерзімі – 2019 жыл. Аяқталу мерзімі – 2020 жыл.

21 ай – инвестициялық кезең.

2020-2029 жылдар – 8 жыл 3 ай аралығында нысанға қызмет көрсету.

3. **Жобаның техника-экономикалық талаптары:**

1. Объектінің орналасқан орны – Қызылорда қаласы, «СІМК-70» ауданы.

- Қызылорда қаласындағы «СІМК-70» ауданында 600 орындық колледж 200 орындық жатақханасымен;

- жылына 600-ден астам студенттің колледжде жалпы білім алу қызметтеріне қолжетімділігі;

- әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін инвестициялық жобалардың және нысандарын енгізу;

- жаңа жұмыс орындарын ашу;

- облыстың кәсіпорындары үшін білікті мамандар даярлау;

4. **Басты көрсеткіштері:**

Осы жобаны іске асыру облыстың экономикасына инвесторларды тартуға мүмкіндік береді және қазіргі жағдайда мемлекеттік экологиялық саясаттың стратегиялық бағыты болып табылады.

Жобаны іске асыру білім беру саласында оң әлеуметтік-экономикалық әсерге ие болады, сондай-ақ халықтың әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында қосымша инвестицияларды тартуға жағдай жасалады.

5. **Байланыс деректері:**

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел 8/7242/605454 электронды пошта: zha.shintasov@korda.gov.kz Басқарма басшысының орынбасары Ж.Шынтасов, тел 8/7242/605460, e.alpibayev@korda.gov.kz Жоспарлау және есеп жүргізу бөлімінің бөлім басшысы Е.Алпысбаев

6. **Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі:** бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн.

T.Jürgenov – 120

# ТҰЛҒА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығына орай Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұжымы Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында «Рухқа тағзым» атты концерт қойды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Көрермен одан бұрын академияда оқитын және еңбек ететін жерлеріміздің колөнер бұйымдары мен картиналарын, дизайнер Сәуле Бапанованың коллекциясынан көрме-дефилеі тамашалады. Ал театр залында Қазақстан мен Орта Азияға ортақ тұлға, оқу-ағарту ісінің жана-шыры Т.Жүргеновтің өмір жолынан сыр шертетін фильм көрсетілді.

Концертті «Алатау» этно-фольклорлық ансамблі «Жаймақоныр», «Атилла» күйлерімен ашып, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Рамазан Стамгазиев, Қазақстанның мәдениет қайраткері Нуржан Жанпейісов, академия оқытушысы Шолпан Даржанова мен студенттері Диас Мұратхан, Данияр Рақымбай дәстүрлі әннен шашу шашты.

Өнерпаздар көшін бастап келген академия ректорының уақытша міндетін атқарушы, сәси ғылымдар докторы, профессор Шәріпбек Әмірбеков өз кезегінде Т.Жүргеновтің



қазақ мәдениеті, әдебиеті мен өнерін дамытудағы еңбегі туралы айтып, тұлға рухына тағзым ету – ұрпақ парызы екенін жеткізді.

Шараны ұйымдастырудағы мақсат – елге қызмет жасау жолында адалдықтан айнымаған азаматты еске алу және оның болмысын, еңбегін жастарға ұлт етіп көрсету, – дей келе, ол «Нұр Отан» партиясы облыстық

филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаевқа қобызды сыйға тартты.

Концертте академияның талантты шәкірттерімен бірге, Қазақстанның халық артисі Лаки Кесолту, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забиров өнер көрсетіп, көпшіліктің көңілін сергітті.

Айта кетейік, ұлт мақтанышы

Т.Жүргеновтің есімін ұлықтау шаралары жыл бойы жалғасып келеді. Туған жері – Сыр өңірінде ұйымдастырылған шара – соның бір парасы ғана. Білім ордасының білікті ұстаздары өңірге сапары аясында мектептерде, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде, облыстық театрда шеберлік дәрістерін өткізді.

## Ulttyq naqysh

Шетелге шыққанда жақындарыңдыз «Сыйлық алуды ұмытпа!» деген сөзін жиі есітіп шығарсыз. Ал Сырға келген меймандар естелікке қандай зат алып кетеді, көз жауын алар кәдесыйларды қайдан алуға болады? Көптің көкейінде жүрген сан сауалға жауап іздеген едік.

Молдір ҚАЛЫМБЕТ.

Байқағанымыздай, бізде ол үшін арнайы сауда нүктелері ашылған. Соның ішінде белгілі колөнер шеберлері мен суретшілердің, зергерлер мен этно-дизайнерлердің қайталанбас туындыларын нарыққа шығарып отырған «Қолөнер» орталығының әрбір үнісі ерекше әсер қалдырады. Орталық қаладағы бес жұлдызды «Sultan Plaza» қонақ үйінің ішінен дүкен ашқан. Құрылтайшысы Аида Керімқұлованың айтуынша, туристер ағылатын мұндай нысанда ұлттық брендті дәріптеумен қатар кәсіптің көркін қыздыруға мүмкіндік жоғары.

«ПромКоммерц КА» жеке кәсіпкерлігін ұмыт бола бастаған



# СӨРЕДЕ – ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАР



ұлттық туындыларды жаңғырту үшін ашты. Оның ерекшелігі – ісмерлікке ден қойған жандардың басын қосуында. Бұрын бұйымдарын рұқсат етілмеген орындарда сататын колөнершілер түрлі қиындық көретін. Осы жағдайды саралай келе тәуекелге бел булды. Оның үстіне қазір кәсіпкерлік кең қанат ұстай келеді. Үш жылды қамтитын «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылы» бастамасы біз үшін үлкен қолдау болып отыр. Ресей, Үндістан, Қытайдан келген қонақтар әуелі осында келеді. Үш туындыларға талданып, бағасын беріп жатады, – дейді кәсіпкер.

Дүкенде Бекзат Жақыпов, Жәнібек Маханбетов, Құдайбергелер Құлмамбетов, Жібек Атаева, Айсұлу Осекербекова секілді колөнер шеберлері мен суретшілердің туындылары қойылған екен. Сыр елінің символын бейнелеген кәдесыйлардың жөні бір бөлек. Мұнда ұлттық нақышта тігілген кенес киімдерін, жолсомеке, қоржымдарды да кезіктіруге болады. Қызметкерлер жарнама ісінде де ерекше тәсіл қолдануды жолға қойған. Олар әлеуметтік желіде тұтынушысына ұсынып отырған әр тауардың шығу тарихын, оның салт-дәстүрге қатысты маңыздылығын сипаттап отырады. Бұл бір жағынан кәсіптің таңда кәсіп жүргізуде қажетті әлеуметтік желі маркетингінің маңызын айқындап тұр.

– Ата-бабадан қалған көнекөз асыл мұра, қазақтың ұлттық колөнеріне де-

ген ықылас онау ғасырлардан бері өзектілігін жойған емес. Алайда, бұрынғы біз тол туындымыздың небір асылынан айырылып қала жаздалық. Бірақ, ел ішінен шыққан шеберлер ұлттық дәстүрдің, ұлттық бірегейліктің белгісін жоғалтпайды. Бүгінде қазақтың дәстүрлі өнеріне ден қойылып, оны қайта жаңғыртуды өзіне міндет еткендер көп. Біздің орталықта да колөнерді заманауи технология тілімен үндестіріп жүрген жандар аз емес. Олар отандық тауарға деген қызығушылықты арттыруға септесіп келеді. Мәселен, алыстан ат арылтып келген қонақтар шеберлердің еуропалық киімді өзіміздің ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен безендіріп, жарыққа шығарғанына тәнті, ағаштан ойылып жасалған Қорқыттың қобызы оларға рухани серпіліс сыйлайды. Бағалар қолжетімді. Бұл дүниелер өзіндік бренд қалыптастыруға да үлкен көмек, – дейді А.Керімқұлова.

Мақаланы бизнес саласының танымал авторы Йеспер Кундениң «Бренд – табыс әкелетін кепіл» деген сөзімен қорытындылауды жөн санадық. Себебі, бізде бренд барына ешкімнің таласы жоқ. Тек мақтауын асырып, қолдаудан танабаса, өзіндік брендіміздің берекесін кіргізуге болатынын айтқымыз келеді.

Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

## Отұрткі

# БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН ДҰРЫС КЕСІП ЖҰРМІЗ БЕ?

Жақында ағайынның қуанышына ортақтасып, тұсаукесер тойына бардық. Көпшілікке жайылған ақ дастарханнан кейін қонақтар тұсаукесер салтын тамашалауға жиналды. Баланың табан жолына кестеленген «тәй-тәй» төселді. Ата-анасы баланы алып шығып аяғына ала жіп байлады. Көпшілік баланың тұсауын кім кесер екен деп тағатсыздана күтіп отырған сәтте ортаға 20 жастағы жігіт шықты.

Сара АДАЙБАЕВА.

Үлкендерден бата сұрамастан баланың тұсауын кесті. Тұсаукесер жыры да айтылған жоқ. Сәби болса, автокөліктің күлін алып ата-анасын маз етті. Үлкендер жағы күбір-күбір ете қалды: «Жас балаға кестіргені несі? Көпті көрген, өнегелі жолы бар неге үлкендерге кестірмеді? Бата беру керек емес пе? Қазір жастар өз білгендерін жасайды. Салт-дәстүрді бұрмалап, мағынасын жоғалтып бітті» деген сыбыр көбейе бастады. Үлкен кісілердің де пікірі орынды. Бірақ таңдау ата-ананың өз еркінде болған. Сөйтсе, әлгі бала үлкен ағаларының жалғыз түйір ұлы екен. Шетелде оқиды. Әсілі, бір жасар балакай да соған ұқсап, сырт ел асып, оқымысты болсын деген шығар? Кім білсін!

Той әйтеуір мәресіне жетті. Көпшілік тарқасты. Бірақ бәрінде бір ой кетті. Расында қазір салт-дәстүріміздің көбі бұрмаланып жүр. Мәселен, үйлену тойында ағылшында ән айтылып, жастар «Love story» түсіруді сөнге айналдырды. Тіпті осы «Love story» үшін шетел асатын жастарымыз бар. Қыздарымыз да өзінің кара шаңырағынан емес, түннің бір жарымында мейрамханалардан ұзатылып жатыр.

Осы тұста Бауыржан Момышұлы атамыздың



келіні Зейнеп Ахметова бүгінгі жас ата-аналардың баланың тұсауын кескен кезде көптеген қателіктерге бой алдырып жүргенін атаған еді. Бұл салт-дәстүрдегі ұстанымдардың мағынасын бұзатынын және кейінгі буынға өзгертіліп жететініне алаңдаушылық білдірген. Зейнеп апамыз тұсаукесер дәстүрінің мағынасын былай түсіндірді: «Баланың аяғына ала жіпті байлаған. Мағынасы өмірдің ақ пен қарадан тұратынын білдіру. Күрмеуін кесу бала болашақта ақ пен қара қатар тұру заңдылығы кезінде құлағасын, сүрінбесін дегені» дейді.

Ал, кесілген ала жіпті ырымдап бала көтере

алмай жүрген келіншекке берген. Ол оны сақтап қойса, көп ұзамай балалы болады деп есептеген. Сондай-ақ, баланың ақ жолына қойылатын ақша, домбыра, кітап сынды заттарды қою рәсімі де бізге өзгелерден келген дүние екені айтылып жүр. Сондай-ақ, соңғы кездері осы бір салтты тамашалаған кезде үлкендердің өзі кездіктің жүзін қалай қаратып кесерін білмей, өзгелерден сұрап жатады. Тіпті, тұсаукесер жырын білмейтіндер де кездеседі.

Сонымен қатар қазіргі кезде баланың тұсауын әншілерге кестіру сөнге айналған. Тіпті осыны бизнеске айналдырғандар да бар. Келіскен сомасын берсеңіз, балаңыздың тұсауын әндетіп, әуелетіп, сән-салтанатымен кеседі. Бірақ бұл қаншалықты дұрыс, бұрыстығына мән беріп, жатқан ешкім жоқ.

Осы ретте өткенге сәл шегінсек, ата-бабамыз тұсау кестіруде таршылық, тапшылық көрмесін, бай-бақуатты молшылық ғұмыр кешіп, көңілі дархан даладай бауырмал, қалірі, қайырымды көпшіл азамат болсын деген ниетті ұстанған. Баланың тұсауын шешен шежірешілер, алып күштің иесі батыр-палуандар, елдің аузында жүрген данқты тұлғаларға ырымдап кестірген. Мал сойылып, тоқ ішекті сәбидің аяғына байлаған. Баланы әкесі ортаға тұрғызып, дуалы ауыз ақсақалдардан бата сұраған. Тұсау кесетін адам арнайы дайындалған кездіктің жүзін өрге қаратып кескен. Егер пышақтың жүзін төмен қаратып кесе, бала иыңжық, онез болып өседі деген сенім болған. Сондықтан енесін тік ұстайтын, өршіл, ұлттың рухын жалғайтын, ер мінезді ұрпақ болсын деген тілекпен пышақ жүзін жоғары қаратқан. Осы кезде өнер адамы тұсаукесер жырын жырлаған. Ал, кейбір ата-аналар «баламыз көк шөптей көгеріп өссін, ұрпақты ұрым-бұтақты болсын» деген тілекпен көк шөппен де кескен. Бірақ бұл түрі өте сирек қолданған.

Міне, нағыз тұсау кесер рәсімі. Мағынасы кең, әрбір салты мәнді.

## Тамыр

# АСЫҚ АТУДАН АРАЛДЫҚТАР АЛДА



Тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысты қазақтың ұлттық ойындары да мал шаруашылығына қатысты болған. Соның бірі – бастауын көне замандардан алатын асық ойыны. Оның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған.

Ержан ҚОЖАС.

Баланы жастайынан шыдап, далдыққа, ұстамдылыққа тәрбиелейтін асық ойынын қайта жандандыру мақсатында қала орталығында облыс асық ату турнирі өтті. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Чернобыль» ардагерлері қоғамы, «Асық ату» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы және «Колөнер» ұлттық нақыш орталығы бірлесіп ұйымдастырумен өткізіл-

ген турнир Астананың 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығына арналып отыр. Шарада «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы С.Қосанов, облыстық «Чернобыль» ардагерлері ұйымының төрағасы С.Сәндібеков және «Асық ату» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы төрағасы Ж.Базартай ұлттық ойынның маңызы жайлы айтып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Алғаш рет ұйымдастырылған сайыста Қызылорда қаласы мен барлық аудан орталығынан жиналған командалар бақ сынасты. Дәлдік пен мергендікті талап ететін ұлттық ойында Аралдан келген команда ерекше көзге түсіп, бас жүлдені қанжығасына байлады. Жүлделі екінші және үшінші орындарды қалалық командалар өзара бөлісті. «Үшқын Қызылорда» ЖШС мүдделестерге арналған оқу-өндірістік кәсіпорын басшысы Бақыт Жұмашев пен «Медиа Жұлдыз» медиа орталығының директоры Ақгүл Әбдірасіліқызы демеушілік еткен турнирде жүлдегерлер мен барлық қатысушылар арнайы сыйлықпен марапатталды.

Кезекші редактор Шынар БЕКБАН.

Меншік иесі

СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет  
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.  
Тел: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28684  
Талпырыс №1715

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz